ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТҮЗЕУ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ (ТПҰҒПО)

# ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУ

## АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Алматы 2014

УДК 37
ББК 74.90

Е 79 **Есенжолова Г.Ж.** Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілін дамыту. Ата-аналарға арналған әдістемелік ұсынымдар. – Алматы. 2014. – 88 бет.

**Рецензенттер:**
**Сейсенова А.Д.** – ТП ҰҒПО Қазақ тілінде оқитын мүмкіндіктері шектеулі балаларға арнайы білім беру зертханасының меңгерушісі, филол. ғыл. кандидаты, доцент
**Тулебиева Г.Н.** – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы, п.ғ.магистрі

ISBN 978-601-249-142-5

Бұл әдістемелік ұсынымда ата-аналарға баланың сөйлеу тілін дамытуға бала өмірінің алғашқы күндерінен-ақ үлкен назар аударуға кеңес береді. Ұсынылып отырған жұмыста ерте жастағы баланың даму, әсіресе оның сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерінің сипаттамасы беріледі, сондай-ақ ата-аналарға баламен өзара әрекетте кездесуі, туындауы мүмкін мәселелер мен қиындықтар және оларды жеңу жолдары туралы айтады. Баланың сөйлеу тіліне жағымды әсер ететін факторлар сипатталады, ұсақ қимылдар мен сөйлеу тілін дамытуға көмектесетін ойындар мен жаттығулар берілген. Ата-аналарға арналған ерте жастағы баланың сөйлеу тілі мен коммуникативтік дамуының тестілері ұсынылады.

Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде мақұлданып, ұсынылған, №1 хаттама 3.11.2014 жыл.

УДК 37
ББК 74.90

ISBN 978-601-249-142-5

© ННПЦ КП, 2014

## ҚҰРМЕТТІ АТА-АНА!

Әрбір бала – ерекше және қайталанбас жеке тұлға. Баланың сөйлеу тілін дұрыс дамытуға арналған барлық балаға бірдей жарамды болатын ұсынымдарды ұсыну мүмкін емес. Біздің ұсынып отырған кітабымыз балалардың сөйлеу тілінің қалыптасуының жалпы заңдылығында бағдарлауға және ата-анаға өз баласының ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне қарай оны дамыта өсіруге қатысты өз жолын табуға көмектеседі деген үміттеміз. Ата-ана баланың жалпы дамуының тенденциясы мен заңдылығына сүйене отырып, өз әрекетін үнемі түзетіп отыруға, баладан үйренуге және басқаға ұқсамайтын стратегияны табуға үйренеді, өз баласының даму қарқыны мен ерекшелігіне қарай бейімделеді. Сонымен бірге кішкентай сәбидің сөйлеу тілінің дамуына, қалыптасуына әсер ететін жағдайлар мен себептерді назардан тыс қалдырмауды еске саламыз. Себебі, сөйлеу тілінің дер кезінде дамымауы, қалыптаспауы баланың болашақтағы өміріне жағымсыз әсер етеді. Ең бастысы өз еңбектеріңіздің, талаптарыңыздың жағымды, оң нәтиже беретініне сенімді болу. Балаға тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – жанұяда берілетінін ұмытпайық.

# КІРІСПЕ

## БАЛАНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ АТА-АНАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ТӘУЕЛДІ

Қай халықта болмасын жұбайлар отбасын құрғаннан кейін балалы болуды армандайды. Себебі бала – өмірдің жалғасы, отбасының жеміс берер гүлі, ерді-зайыптылардың тірек-діңгегі. Сондықтан да қазақ халқы бұрыннан «Бесіксіз үйде береке жоқ», – деп ой топшалаған. Болашақ баламен қарым-қатынас, оны тәрбиелеу ол дүниеге келмес-тен бұрын басталады. Бұны ата-аналар жақсы түсінуге тиісті. Балаға қатысты жағымды қарым-қатынасқа барынша ерте дайындалып, оны жеке тұлға ретінде қабылдауға және онымен санаса бастауға міндетті. Шама келгенше ұсақ-түйекті көңілге алмай, айналадағы адамдарға ренжімеуге тырысу керек. Болашақ ана өзінің және жақын адамдарының бойынан жақсы қасиеттер іздеп, жаман заттар туралы уақытша болсын ұмытуға тырысуға тиісті. Дүниеге адам әкелетінін, оның керемет бір қуаныш, бақыт екенін бір сәт естен шығаруға болмайды. Қиындықтар мен мүмкін болатын мәселелер туралы алдын ала ойлаудың керегі жоқ, егер туындай қалған жағдайда оны сол кезде де шешуге болады. Баланың бола-шағының анасының денсаулығына тәуелді екенін бір сәт болсын ұмытуға болмайды. Әрине, өмірге бала әкелуді алдын ала жоспарлап, денсаулығында қандай да кінәрәт болса, оны жүктілікке дейін емдеген дұрыс болады. Болашақ ана кез-келген жұқпалы ауруды жұқтырып алудан сақтануға тиісті, ол іштегі баланың дамуына жағымсыз әсер етеді. Сол себепті, егер бұрын ауырмаған жағдайда қызамық, шешек, гепатит (В) екпелерін жасату керек. Құрсақтағы баланың дамуына жағымсыз әсер ететін, күнделікті өмірде жиі кездесетін аурулар туралы ескертіп өтелік.

Қызамық, әсіресе жүктіліктің бірінші үш айында баланың орталық жүйке жүйесінің, есту, көру қызметінің, жүрек жұмысының бұзылыстарын тудырады.

Қызылша (шешек) дене даму бұзылыстарын, баланың жүйке жүйесінің бұзылыстарын, баланың туылғанда салмағының төмен болу және уақытынан бұрын босанып қалу қаупін тудырады.

Цитомегаловирус, қарапайым ұшық, мерез, өкпенің құрт ауруы, ток-

соплазмоз түсік тастау, психикалық және дене даму бұзылыстарының туындау, уақыты жетпей босану, жаңа туған сәбидің салмағының төмен болу қауіптерін тудырады.

Тұмау түсік тастау, баланың дене даму бұзылыстарының туындау мүмкіндігін арттырады [6].

Баланы өмірге әкелуге дайындалған әйел адам мен ер адам шылым шегуді, құрамында алкоголі бар сусындарды ішуді, есірткі заттарды пайдалануды тоқтатуға міндетті. Олардың баланың денсаулығына тигізетін зияны туралы жеке-жеке тоқталып өтелік.

Анасы алкоголь ішімдігіне әуес балалардың өзіндік даму бұзылыстары болады, олар: басының көлемінің кіші болуы, жүрек дамуының бұзылысы, аяқ-қолының, буындары мен бет пішінінің бұзылыстары болады, сондай-ақ жүйке жүйесі бұзылып, бала қозба, гипербелсенді болады. Баланың тыныс алу және қан айналу жүйесінде де бұзылыстары болуы мүмкін.

Жүктілік кезінде шылым шеккенде ең алдымен бала жолдасының қызметі бұзылады, яғни жатырдағы бала оттек пен нәрлі заттарды толық көлемде ала алмайды. Бұл түсік тастау, жаңа туған сәбидің өліміне, баланың салмағының нашар болып туылуына, қоян жырық, таңдай жырық, қылилықтың туындауына себепші болады. Бұл аурулар шылым шекпейтін әйелдердің балаларына қарағанда шылым шегетін әйелдердің балаларында жиі кездеседі. Әйелдер жүктілікке дейін ұзақ уақыт және көп (сигареттің саны мен оның күші) шылым шексе, онда баланың өмірінің бірінші жылында ауырып қалу қаупі туындайды. Жүктілікке дейін шылым шеккен әйелдердің баласының тілі кеш шығып, сөз тіркестік сөйлеу тілінің қалыптасуы тежеледі [10].

Балаға анасының көңіл күйі үлкен әсер етеді. Қазақ халқының салт-дәстүрлерінің бірі – жүкті әйелге қамқорлық жасау, ақыл-кеңес беру өмір тәжірибесі мол аналардың борышы деп есептеліп, олар жүкті әйелге білгендерін айтып, босану алдында және босану кезіндегі әр түрлі құбылыстарға шыдамдылықпен қарауға үйретеді. Жас келіннің бойына бала біткеннен кейін оны тіл-көзден сақтау мақсатымен қамқор ана жақын әйелдерін жинап, «құрсақ тойын» өткізген. Оған жиналған әйелдердің барлығы шашуларын әкеліп келіннің үстіне шашқан, келінге бата-тілектерін білдірген. Бұл «құрсақ шашу тойы» деп те аталған. Келіннің жерік асын тауып беру ененің міндеті деп есептелген. «Егер осы асты таппаса, онда ол босанғанша ішкен асын құса береді, тамағы бойына сіңбейді», – деген сенім болған. Мұны халық «ит жерік болу» деп атаған. Қазіргі кезге дейін жүкті келінге, жас нәрестеге тіл-көз

тимесін деп тұмар жаздырып, бойтұмар тағу дәстүрі да сақталған [7].

Қазақ халқы ертеден пенделік дене мен мәңгілік жанды бір-біріне бекітіп тұрған, жай көзге көрінбейтін «күміс жіптің» барына сенеді. Кіндікті кесу – сол жіпті (бауды) кесу арқылы бала пенделік өмірге келеді. Жаңа туған баланың «бауының беріктігін» тілеу жанды тәнге бекіткен «күміс жіптің» беріктігін тілеген болатын.

Құрсақтағы баланың өзінің ұйықтау және сергектік түзімі болады, ол көп жағдайда анасының күн тәртібіне сәйкес болады. Сондықтан болашақ ананың жүктілік кезінде, одан кейін баласының күтімі үшін ыңғайлы болатындай күн тәртібін ұстанғаны дұрыс болады. Сонымен бірге іштегі баланың айналасындағы жарыққа сезімтал екендігін, сол себепті түнде шамның жарығын және т.б. ішке түсірмеуді есте сақтау қажет.

Ішті сипау болашақ бала үшін ең маңызды ынталандырушы болып саналады. Болашақ ана осылайша, өзінің баласына оны жақсы көретінін, оның дүниеге келуін асыға күтетінін білдіреді. Мұқият болған жағдайда, ішті сипаған кезде баланың жауабын да сезінуге болады. Ішті сипай отырып, әдемі де әуенді музыкалық шығарма тыңдауға болады. Алты айлық баланың дыбысқа деген әсері болатыны бұрыннан анықталған, сол себепті болашақ баламен одан да ертерек әңгімелесе бастаған өте тиімді болады. Болашақ ана баламен қарым-қатынасты ерте бастауымен, сабырлы да мейірімді болумен баласының қалыпты дамуына көмектеседі. Баламен әр түрлі интонациямен, әр түрлі қарқынмен де сөйлесу керек. Сан алуан дыбыстық тітіркендіргіштер «құрсақтағы баланың туғанға дейінгі тәжірибесінің» қалыптасуы үшін маңызды болады. Тітіркендіргіштер көп болған сайын құрсақтағы баланың миы жақсы қалыптасады және көп нәрсені «есте сақтайды». Балаға ән салып, бесік жырын айтуды да бастауға болады. Бала анасының дауысынан дүниеге келместен бұрын-ақ тынышталып, ұйықтап қалуы мүмкін. Далада серуендеп жүргенде салынып жатқан құрылыстан, жолдан және әуежайдан алысырақ жүру керек. Орманға немесе саябаққа барып, құстардың әнін тыңдау да пайдалы болады. Болашақ ананың алдағы өмір туралы армандауы үшін бір мезгіл болса да сәл бір уақытын бөліп, жан-дүниесі рахаттанатындай сезімге бөленуі баланың дамуына өте жағымды әсер етеді.

# ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ДАМУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Қазіргі кезде медицина саласының мамандары, психологтар, педагогтар мен дефектологтар ерте жасқа үлкен көңіл бөлуде. Бұл жай емес. Ерте жас баланың ақыл-ойының, дене тұрғысының, сөйлеу тілінің және эмоциялық дамуы үшін ең маңызды кезең болып табылады, сонымен бірге бұл кезең адамға тән барлық психофизиологиялық үдерістердің жылдам қалыптасу кезеңі болып табылады. Ми қыртыстарының атқарымдары әсіресе бала үш жасқа келгенге дейінгі қоршаған ортасымен өзара әрекеттену нәтижесінде дамиды. Бұл кезең ішінде психикалық ары қарай даму үшін негіз құрайтын мидың сыртқы әлем сигналдарын қабылдау, алған ақпаратты өңдеу және сақтау қабілеті жетіледі, қабылдау, көрнекі-әрекеттік және көрнекі-бейнелік ойлау қабілеті, есте сақтау, зейін үдерістері қалыптасады.

Н.М.Аксарина, В.Г. Алямовская, Л.С.Выготский, В.С. Мухина және т.б. ғалым психологтардың көптеген ғылыми еңбектері ерте жастағы балалардың даму ерекшеліктерін зерттеуге арналған [14,1,2]. Бірінші жылдың күйзелісінен кейінгі ерте жастық балалық шақ тұрақты да жайлы жүреді.

Бұл кезеңнің психикалық және дене даму ерекшеліктері:

- дене және психикалық дамудың өзара тығыз байланыста болуы (дене дамуындағы қандай да бір ауытқушылық психикалық бұзылыстарға себепші болуы мүмкін);
- дамудың жеке-дара қарқыны (гетрохрондық қасиетіне қарай ағза мүшелері мен жүйесінің біркелкі және бірдей дамымауы);
- баланың жан-дүниесінің нәзіктігіне қарай оны тәрбиелеуге қойылатын ерекше талаптар;
- балалардың оқуға деген қабілеті (бұл жаста шартты байланыстар оңай құралады).

Өмірінің бірінші жылының соңында баланың ішкі дүниесіндегі ересек адаммен біртұтастығы: бала және ересек адам болып екіге бөлінеді. Бұл кезде бала, белгілі бір дербестікке, өзіне-өзі қызмет көрсету қабілетіне (аясы шектеулі) қол жеткізеді. Бала дамудың жаңа сапалы сатысына аяқ басады.

1. Бұл кезде баланың сөйлеу тілі автономиялық түрде (жағдаяттық, көпмағыналы, полисемантикалық сөздер ересек адамдардың сөздерінің жаңғырығы ғана болып табылады) болады, сонымен бірге олардың қарама-қайшылығы байқалады, яғни бұл сөйлеу тілі қарым-қатынас құралы ретінде басқаға бағытталғанымен, оның тұрақты мағынасы болмайды. Бұл қарама-қайшылық басқаларға түсінікті болып, басқалармен қарым-қатынаста және өзін басқаруда пайдаланылатын ерте жастағы балалардың маңызды жетістігі сөйлеу тілінің пайда болуы (жаңа құрылым) арқылы шешіледі.

2. Бала осы кезге дейін өзінің қандай затпен болмасын жүзеге асырылатын әрбір әрекетін ересек адамның қатысуымен орындады. Бұл жиі жағдайда құрастыру заттары арқылы жүреді. Бұл құбылыс сәби жастың соңында ғана кездеседі. Заттың қасиеттеріне қарай әрекет ете отырып, бала қандай жағдайда болмасын оның бекітілген қолданыс түрін аша алмайды [5]. Бұл қарама-қайшылық дамудың жаңа әлеуметтік жағдайында шешіледі, яғни бала үшін бастапқыда жаңалық болып, кейіннен оның жетістігіне айналатын, заттың қоғамдық қолданыс тәсілдерін меңгеруі ересек адаммен бірлескен әрекет барысында ғана жүзеге асады. Ерте жастағы дамудың әлеуметтік жағдайы: «бала-зат-ересек адам» (бұрынғы «бала-ересек адам» орнына) түрінде болады.

Бұл кезде бала толықтай затқа берілген. Алайда затпен әрекет тәсілі ересек адамға тән болса да, бала жеке-дара әрекеттерді өзі орындауға тиісті. Бұл қарама-қайшылық заттармен әрекеттің қоғамдық қабылданған тәсілдерін белсенді меңгеруіне бағытталған заттық әрекетте, яғни әрекеттің жаңа түрінде шешілуге тиісті. Бұл әрекеттену барысында сөйлеу тілі, заттардың мағыналық атаулары, заттық әлемді жалпылама-категориялық қабылдауы және көрнекі-әрекеттік ойлау қабілеті пайда болады.

3. Баланың сәби жасының аяғында меңгере бастаған өзіндік жүру әрекеті дамиды.

Л.С. Выготский ерте жастың жалпы психологиялық сипаттамасының маңызды сәттерін ерекшеледі [4]:

1. Баланың нақты бір жағдаймен байланыстылығы: ол болып жатқан жағдайға толықтай беріліп кетеді, оның тәртібі де құрамдық динамикалық байланыс ретінде енеді. Ерте жастағы бала өзінен ересек балаларға қарағанда болып жатқан жағдайға басқа заттар туралы бар білімін қоспайды, ол бұл жағдайдың сыртында не жатқанына, оны не және қалай өзгертуге болатынына мүлдем көңіл аудармайды. Бұл жағдай бірнеше факторларға: біріншіден, сенсорлық және қимыл-

қозғалыстық атқарымдардың арасында ерте жастың басында пайда болатын бірліктің туындауына, екіншіден қабылдау мен эмоциялық қатынастың тығыз байланыста болуына тәуелді болады. Барлық бұл атқарымдар бір-бірінен жеткілікті деңгейде жіктелмеген, олар санада қабылдауға бағына, бір тұтас бөлінбейтін бүтін ретінде әрекеттенеді.

2. Бұл кезеңде қабылдау жетекші психикалық атқарым болып табылады. Ерте жастағы баланың есте сақтау қабілетін белсенді қабылдауда – тануда ғана байқалады; бұл кезде ойлау қабілетін көрнекілік-әрекеттік түрде (байланысты осы жағдайда көрнекілік түрде әрекеттене отырып қана анықтай алады) ғана байқалады – ерте жастағы бала үшін ойлау деген берілген эмоциялық анық байланыстарды тани білуді, осы қабылданған жағдайға сәйкес өзіндік әрекетті қабылдауды білдіреді.

Ерте жас көптеген психикалық атқарымдардың дамуы үшін жағымды кезең болып табылады. Бұл жас психологиялық-педагогикалық әсер ең тиімді болатын мезгіл деп саналады. Осыған байланысты психикалық, қимыл-қозғалыстық және сөйлеу тілдік дамуын ерте жастан тексеру, анықтау мүмкін болатын даму бұзылыстарын алдын алуға және болған жағдайда дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге дер кезінде басталған және дұрыс жүзеге асырылған тәрбие жұмысы ерте жастағы балалардың толық қанды дамуының маңызды шарты болып табылады.

Ерте жаста байқалатын қимыл-қозғалысындағы, психикасындағы, сөйлеу тілі мен эмоциялық дамуындағы ауытқулар баланың ары қарай дамуына жағымсыз әсер етеді, оқу, жазу және санау әрекеттерінде қиындық туғызып, кейіннен дамудың туынды бұзылыстарының пайда болуына әкеліп соқтырады. Қазақстандық ғалымдар (Р.А.Сүлейменова, А.Қ.Ерсарина, Б.С.Халықова, А.Қ.Жалмұхамбетова және т.б.) балаларға ерте жастан көмек көрсету мәселелері туралы зерттеп, ғылымға үлкен үлестерін қосуда. Р.А.Сүлейменова өзінің ғылыми еңбектерінде [13] мүмкіндіктері шектеулі балаларды қоғамға кіріктіруге тиімді жағдай тудыру жолдарын, дамуында бұзылыстары бар балалармен түзету шараларын дер кезінде жүргізудің жағымды нәтижесінде осы санаттағы кейбір балалардың жалпы білім беру мектептерінде оқу және әлеуметтік бейімделудің белгілі бір деңгейіне қол жеткізу мүмкіндігін қарастырды.

Ата-аналар ерте жастағы баласының себепсіз мазасыздануына, жоғары белсенділігіне жиі шағым жасайды. Бұл жағдайда психологтар жанұялық тәрбие түрінің бұзылуын да есепке алады. Ата-аналар балаларының тәртібін қатты бақылап, олардың қимыл-қозғалыс және

танымдық белсенділігін шектеп, олардың сөзсіз тіл алуын талап етеді немесе балаға бәріне рұқсат береді, бала өз қалауын, көңілін шектеуге үйренбегендіктен, олардың құрдастарымен, ересек адамдармен өзара әрекеттерінің барысында айтарлықтай қиындықтар туындайды. Сол себепті баланың дұрыс дамып, өсуі үшін баланың жанындағы ересек адамдар баланың мінезіне, қылықтарына назар аударып, қандай да болмасын байқалған даму ерекшеліктеріне үлкен мән бергендері баланың ары қарайғы өмірі үшін маңызды болады.

Екі жасқа дейінгі балалардың дене және жүйке-психикалық дамуы, бойы мен салмағы (әсіресе бір жасында), сондай-ақ ағзаның барлық атқарымы қарқынды өседі. Бір жасқа аяқ басқан бала жүре бастайды. Екі және үш жасқа келген балалардың негізгі қимыл-қозғалыстары жетіледі, ол айналасындағылармен өзінің әрекеттерін белсенді түрде үйлестіре бастайды. Ерте жастағы бала өзінің денесін белсенді түрде меңгере бастайды. Денесін жалпы меңгеру, тура жүру, қолының жіктелеген қимылдары, психикалық және дене тұрғысындағы даму жетістіктері балада қанағаттандырарлық сезім, өзіне деген ризашылық сезім тудырады. Бала ересек адаммен тығыз байланысты, ол дененің жанасуының бағалылығы мен маңыздылығын түсіне бастайды, ал бұл балада өзіне деген сенімділік сезімін береді. Дененің жанасуы арқылы қолдау балаға өзінің құндылығын сезінуге көмектеседі.

# І. ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ АТА-АНАМЕН ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЕРЕСЕК АДАМДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ МАҢЫЗЫ

Ерте жас – баланың қарқынды даму кезеңі. Бір жастан үш жасқа дейінгі кезеңде балалардың әлеуметтік дамуы мен жетекші әрекеті өзгереді. Ерте жастағы баланың жетекші әрекеті заттық әрекет болып саналады, ал ересек адаммен жағдаяттық-іскерлік қарым-қатынас балаға заттармен әрекеттенудің қоғамдық-таңдамалы тәсілдерін меңгерудің заттық әрекетті ұйымдастырудың түрі және құралы бола бастайды. Ересек адам бала үшін «заттардың пайда болу көзі» мен көмекші түрінде ғана қалып қоймай, сонымен бірге ол оның әрекетіне қатысушы және еліктеуге қажетті үлгі де бола бастайды. Бұл кезеңдегі баланың ең үлкен табысы басқаларға түсінікті және басқалармен қарым-қатынас түрінде пайдаланатын, өзін басқаруға көмектесетін сөйлеу тілінің пайда болуы.

Ерте жас – бұл жаста баланың сөйлеу тілі де қарқынды дамиды. Баланың автономиялық сөйлеу тілі (әдетте жарты жыл ішінде) жоғалады. Бала өз ана тілін меңгеруде айтарлықтай табыстарға жетеді, ол оның фонетикалық, семантикалық жақтарын меңгереді. Дыбыстарды айтуы дұрыстала бастайды. Бұл жастағы баланың сөйлеу тіліндегі ең үлкен өзгеріс, ол үшін сөз заттық мағына ала бастағанында болады. Ерте жаста баланың енжар сөздігі жылдам өседі. Бала екі жасқа келгенде, ересек адам айналасындағы заттарды атап сөйлегенде, бала шамамен барлық сөзді ұғады. Енжар сөздігімен қоса баланың белсенді сөздігі де молая бастайды.

Жас сәбидің ата-анасымен арасындағы қарым-қатынасы баланың жалпы психикалық дамуының маңызды факторларының бірі. Бала ересек адаммен қатынаста ғана адамзаттың қоғамдық-тарихи тәжірибесін меңгере алады. Өмірінің алғашқы үш жылы баланың сөйлеу тілінің дамуының шешуші кезеңі болып табылады, балалар бұл кезде жиі жағдайда үйде тәрбиеленеді. Бала дүниеге келген кезінен бастап-ақ дыбыстарға құлақ салады, анасы мен әкесінің еріндерінің қозғалысын бақылайды, таныс дауыстарды тани бастайды. Өмірінің алғашқы

күндерінен бастап сөйлеу тілінің дыбыстарын өздеріне сіңіреді, сөздерді жинайды және жинақтайды. Бала осылайша кейіннен белсенді түрде пайдалана бастайтын өзінің енжар сөздігін дамыта бастайды.

Біздің кезіміздегі бұқаралық ақпараттық құралдарының қарқынды дамуы көптеген жанұяларда жақын адамдардың бір-бірімен араласу, қарым-қатынас жасау уақытын қысқартты, сондықтан ең жақсы деген хабарлардың өздері баланың ата-анасымен қарым-қатынасының орнын баса алмайтынын естен шығармау керек. Бұл қандай жағдайда болмасын, баланың қалыпты сөйлеу тілінің дамуының маңызды шарты болып қала береді.

Сөйлеу тілінің қалыптасуы мен оны баланың қолдануында оның коммуникативтік сипатының факторлары шешуші рөл атқарады. Бірінші дербесаралық – сөйлеу тілінің қызметінің генетикалық шығуын ғана емес, сондай-ақ сөйлеу тілінің қалыптасуында негізге алынатын факторлар. Бала қарым-қатынас барысында және ересек адамның талабы бойынша ғана сөйлей бастайды. Бұл ең алдымен балаларды тәрбиелеу тәжірибесімен дәлелденеді.

Ерте жастағы баланың психикалық атқарымының дамуында қабылдау басым болады. Бала болып жатқан жағдаятпен тығыз байланыста болады, оның барлық тәртібі импульсивті, көрнекі жағдайдан сырт жағдайлардың бірі де оны қызықтырмайды. Ерте жаста ойлаудың қарапайым түрлері байқалады, ал шығармашылығы қалыптаспаған бала өтірік айтуға, бір нәрсені ойдан шығаруға қабілетсіз болады. Бұл кезеңде белсенді қабылдау үдерісіне есте сақтау қабілеті қосылады. Бұл негізінен тану, сондай-ақ бала көргенін және естігенін еріксіз қайталауы да мүмкін. Бұл жастағы ойлау қабілеті көрнекі әрекеттік түрде болады. Ересек адаммен өзара әрекеттестікте бала әр түрлі заттармен әрекет жасау тәсілдерін меңгереді. Осы кезеңде балада өзін-өзі тану сезімі пайда бола бастайды. Екі жасқа аяқ басқан бала өзін айнадан тани бастайды, ал бұл өзін-өзі танудың бастапқы қарапайым түрі болып табылады. Содан кейін бала өзін есімі бойынша атайды, үш жасқа аяқ басқан балада «мен» есімдігі пайда болады. Ерте жастағы баланы жаңа заттар қатты қызықтыра бастайды. Бала бұл жаста затты қолданбас бұрын оның атқарымдық қолданысын анықтауға тиісті, сол себептен де айналасындағы адамдардан қажетті ақпарат алу үшін *«Бұл не? Неге?»* деген сұрақтарды жиі қоя бастайды. Екі жастан асқан бала ересек адамдардан байқаған әрекеттерді ойыншықтармен орындай бастайды. Оларда заттық еліктеу ойындары пайда бола бастайды. Бала қуыршақты ұйықтатады, тамақтандырады, серуендетеді, машинаға,

арбаға отырғызады, жуындырады және т.б.  Үш жасқа таянғанда балалар әрекетті толық орындаудан оларды символикалық түрде бейнелеуге көше бастайды.

Үш жасқа толған баланың сөздік қоры 1000 сөзден астам болуы мүмкін. Бала 4-5 сөйлемнен әңгіме құрай алады. Оның сөйлеуі күрделі де сауатты да бола бастайды. Балада қоршаған әлемді басқаша қабылдауға көмектесетін жалпылау қабілеті қалыптасады.  Бұл ақпараттық материалды күрделі логикалық  тұрғыдан қайтадан құрудың басталуына көмектеседі.

Ерте жастағы балалардың қабылдау қабілеті  сөйлеу тілінің дамуымен бірге басталады, ересек адам баланы суреттегі заттардың бейнесін, содан кейін  иллюстрацияларды, әрекеттер мен музыканы қабылдауға үйретеді. Үш жасқа аяқ басқан баланың қабылдауы  өзінің мақсаты, міндеті, құралы мен іске асыру тәсілдері бар ерекше танымдық әрекетке айналады.

Өмірде қайғылы жағдайлар да кездеседі, егер балаға  үнемі назар аударып, онымен туылғанынан бастап сөйлеу тілдік қатынас орнатпаған жағдайда,  ол келеңсіз жағдайларға әкеліп соқтыруы мүмкін. Мысалы, туылғанынан естімейтін баланың естімейтінін  дер кезінде анықтамаса, ол өмір бойы мылқау болып қалуы мүмкін.  Өзінің жылағанына, мазасызданғанына немесе айғайына берілген жауапты естімесе, ол кейіннен оларға мүлдем көңіл аудармайтын болады.  Бірақ оған жымиып,  оны мейрімділікпен сипап, жиі қолға алып отырса, оны өмірде толықтай оқшау қалудан құтқаруға болады. Ересек адамның  затты пайдаланып, баламен бірлескен ойынында ғана баланың алғашқы сөзі пайда болады. Балаға ойыншықпен ойнау үшін оны атау қажет болады.

Баланың сөйлеу тілі қызметінің  қалыптасуы,  яғни  сөйлеу тілін қатынас құралы ретінде меңгеруі, бала өмірінің алғашқы жылдарында бірнеше кезеңде өтеді.

**Бірінші кезеңде** бала айналасындағы  ересек адамдардың  сөйлеу тілін түсінбейді және  өзі де сөйлей білмейді, бірақ сөйлеу тілін болашақта меңгеруді қамтамасыз ететін жағдай біртіндеп қалыптаса бастайды. Бұл сөйлеу тіліне дейінгі кезең.   Бала сөйлеу тілін басқа дыбыстардың ішінен ажырата бастайды. Сөйлеу тілінің айтылу сипатына (көңілді немесе ашулы, қатты немесе ақырын дауыс)  деген сезім пайда бола бастайды.

**Екінші кезеңде** сөйлеу тілінің мүлдем болмауынан оның пайда бола бастауына көше бастайды. Баланың барлық назары мен белсенділігі затқа бағытталады. Ол барлық күшін жинап,  ойыншыққа ұмтылады,

ересек адамның әрекетіне шыдамсыздық білдіреді. Ал ересек адамның өзі және оның айтқан сөзі балада айтарлықтай қызығушылық тудырмайды. Бұл сөйлеу тілінің пайда болу кезеңі.

**Үшінші кезеңде** бала ересек адамдарға назар аударып, олардың қарапайым сөздерін түсіне бастайды. Ол ересек адамға қарайды, былдырлай отырып, қолымен затты көрсетеді. Алайда затты дұрыс айта алмайды. Бала ашу шақырады, мазасызданады. Үшінші кезең баланың айналасындағы адамдармен қарым-қатынасындағы сөйлеу тіліне дейінгі және сөйлеу тілдік екі дәуір арасындағы өтпелі саты болып табылады. Оның аралық жағдайына қарамастан, әдетте бір жастың соңынан екі жарым жасқа дейінгі жастың жарты жылдан артық уақытын қамтиды. Сөйлеу тілінің дамуы тежелген жағдайда үшінші кезең бір жарым жылға дейін созылуы мүмкін.

Үшінші кезеңнің негізгі мазмұны:

1. айналасындағы ересек адамдардың сөйлеу тілін түсінуінің туындауынан;

2. алғашқы былдыр немесе буындық сөйлеу тілінің пайда болуынан құралады. Л.С.Выготский: «Бала дыбыстардың және олардың құралуы белгілі бір заттардың атауларын білдіретінін, олардың көмегімен көп нәрсеге қол жеткізуге болатынын, мысалы, «нәм-нәм» дегенде тамақ, «ма-ма» дегенда апасын шақыруға болатынын түсіне бастайды», – деп атап көрсетті [5].

Бұл екі жағдай бір-бірімен мезгіліне ғана емес тегіне қарай да тығыз байланысқан. Олар бір коммуникативтік міндетті шешудің қосбірлікті тәсілі ретінде қаралады. Ересек адам баладан әрекетті сөйлеу тілдік нұсқау бойынша орындауды талап етті және кейбір жағдайларда әрекет тек локомоторлық немесе заттық әрекеттерді ғана емес сонымен бірге сөйлеу тілдік әрекеттерді де қарастырады. Егер ересек адам сөйлеу тілдік жауапты қарастырмаса, одан талап етпесе, онда балада енжар сөйлеу тілі мен белсенді сөйлеу тілдің даму деңгейі арасында алшақтық пайда болады, яғни белсенді сөйлеу тілінің дамуы кешеуілдейді. Сонымен бірге ересек адамның сөйлеу тілін түсінуі және оған сөйлеу тілдік жауап, баланың айтылымды белсенді қабылдауы мен оны сөйлеу тіл арқылы айтуының негізінде іс-жүзіне асырылады.

**Төртінші кезеңде** бала ересек адамның ерніне қарап, оның айтқан сөзіне құлақ түре бастайды. Былдыр аяқталып, сөзді айтуға, сөйлеуге талаптанады. Егер ол қолынан келсе, онда ол сөзді қуана бірнеше рет қайталайды, бірақ біраз уақыттан кейін оның көңілі ойыншыққа ауып

кетеді. Осы кезеңдерден өткеннен кейін бала сөздерді белсенді түрде айта бастайды. Бұл – сөйлеу тілдік қатынастың даму кезеңі.

Ерте жастағы балалардың тәртібін талдау олардың өмірінде және тәртібінде сөйлеу тілін қолдануды ештеңе қажет етпейтінін; тек адамның ғана сөйлеу тілдік айтылымдардың көмегімен үнемі балаларға сөйлеп, олардан сөйлеу тілдік жауап күтуі *(«Бұл не?», «Жауап бер», «Қайтала!»* және т.б.), баладан сөйлеу тілін меңгеруді талап ететінін көрсетті. Сонымен, ересек адаммен қатынаста ғана баланың алдына ересек адамның оған айтқан сөйлеу тілін түсіну және оған сөйлеу тілі арқылы жауап беру сияқты коммуникативтік сан алуан міндеттер қойылады. Сондықтан сөйлеу тілдік қатынас генезисінің кезеңдерінің әрқайсысын қарастырғанда балалардың сөйлеу тілінің пайда болуы мен дамуының шешуші жағдайы ретіндегі коммуникативтік факторларды немесе баланың ата-анасымен арасындағы қарым-қатынасты зерттеуге үлкен көңіл бөлінеді.

Коммуникативтік фактор баланың сөйлеу тілінің жекеаралық қызметінің дамуына үлкен әсер етеді (сөйлеу тіліне дейінгі кезең, туындау сәті мен оның ары қарайғы дамуы). Бірақ бұндай әсер біркелкі байқалмайды және ол әрбір кезеңдерге әр түрлі әсер етеді. Бұл ең алдымен коммуникативтік факторлдың өзінің балаларда мектепке дейінгі жастың әр түрлі кезеңдерінде түрленіп, өзгеретіне байланысты болады.

Д.Б.Эльконин өзінің зерттеулерінде: «Қандай да қызмет болмасын белгілі бір құрылыммен сипатталады. Оның элементтеріне түрткі-уәждік бөлімі (қажеттілік, уәждер, мақсаттары), қызмет түрі, зат пен қызмет уәжінің сәйкес келуі, қызметтің өнімі немесе нәтижесі және оны іске асыру құралы (әрекеттер мен операциялар) болады», – деп көрсеткен [15].

Осыларға қарай, қызмет ретіндегі қатынастың заты ретіндегі басқа адам, бірлескен қызмет бойынша серіктесі болып табылады. Өзара әрекеттестікте байқалатын серіктесінің сапасы мен қасиеттері қарым-қатынас қызметінің нақты заты болып қызмет атқарады. Олар баланың санасында бейнеленіп, қарым-қатынас өнімі бола бастайды. Сонымен бірге бала өзін де тани бастайды. Өзі туралы түсініктер де (өзара әрекеттестікте анықталған өзінің кейбір сапалары мен қасиеттері туралы) қарым-қатынас өнімдеріне жатады.

Қарым-қатынас баланың басқа да өмірлік қажеттіліктерімен тығыз байланыста тұрған ерекше қажеттілігі болып табылады. Ол бағалауға және өзін бағалауға, танымға және өзін-өзі тануға ұмтылыс ретіндегі қызметтің өнімі арқылы анықталады. Д.Б.Эльконин: «Біз ең алдымен

балада басқа адамға деген қажеттілікті қалыптасыруға міндеттіміз», – деп атап көрсеткен [15].

Баланың ересек адаммен бірлесе орындайтын әрекетінің түріне қарай қарым-қатынастағы қажеттіліктің мазмұны да өзгереді. Дамудың әрбір кезеңінде қарым-қатынасқа деген қажеттілік баланың жасына сәйкес негізгі, типтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті болатын ересек адамның қатысуына деген қажеттілік ретінде белгіленеді.

Баланың ересек адаммен қарым-қатынасына деген қажеттілікті дамытудың бірнеше кезеңдерін ажыратады:

1. Ересек адамның көңіл аударуы мен тілектестік қарым-қатынасына қажеттілік. Бұл бала өмірінің алғашқы жарты жылдығында жеткілікті болатын жағымды жағдай.

2. Ересек адамның серіктестігіне немесе қатысуына қажеттілік. Қарым-қатынастағы қажеттіліктің бұндай мазмұны балада еркін ұстап алу қимылын меңгергеннен кейін пайда болады.

3. Ересек адамның сыйласымдылық қатынасына қажеттілік. Ол әлемде сезіммен қабылданбайтын өзара байланысты орнатуға бағытталған балалардың танымдық қызметінің аясында туындайды. Балалар ересек адаммен заттық әлемдегі құбылыстар мен оқиғаларды бірлесе талдаудан байқалатын өзгеше «теориялық» серіктестікке ұмтылады. Бұндай серіктестік ересек адамдардың бұл мәселелердің бала үшін маңызды екенін түсінген жағдай да ғана мүмкін болады.

4. Ересек адаммен өзара түсіністік пен көңіл күйін бірге бөлісуге деген қажеттілік. Бұл қажеттілік балалардың адамзаттық өзара қатынасқа деген қызығушылығына байланысты және балалардың олардың қатынасының ерекшеліктері мен нормаларын меңгеруге шартты болады. Бала ересек адаммен ортақ көзқарасқа жетуге талпынады. Бұл балаға оларды өзінің әрекеттерінде басшылық ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Ерте жастағы балаларда ересек адаммен қарым-қатынастың төрт түрі:

- жағдаяттық-жеке тұлғалық;
- жағдаяттық-іскерлік;
- жағдаяттан тыс-танымдық;
- жағдаяттан тыс-жеке тұлғалық түрлері қалыптасады.

Кезең адам өмірінің ұзақтығымен салыстырғанда аз мерзімді қамтитын бала өмірінің бірінші жылын қамтиды. Бірақ ол баланың сөйлеу тілдік қызметінің генезисінде өте маңызды болады.

**Жағдаяттық-жеке тұлғалық қарым-қатынас**

Бала өмірінің бірінші жылында айналасындағы адамдармен қарым-

қатынастың кем дегенде екі түрін ауыстырады. 2 айға таман онда жақын ересек адамдарымен жағдаяттық-жеке тұлғалық қатынас қалыптасады.

**Оның белгілері:**

• қарым-қатынас баланың әлеммен басқа қатынастарының бәріне қарғанда жетекші орында тұрады;

• балалардың қарым-қатынасқа қажеттілігінің мазмұны ересек адамдардың оларға қатысты мейірімді көңіліне деген қажеттіліктен байқалады;

• қарым-қатынастардың туындауына қатысты ең басты себепке жеке тұлғалық себеп жатады;

• сәбилердің қимыл мен қалыптардың мәнерлі (экспрессивтік-мимикалық) санаттары айналасындағы адамдармен қарым-қатынастағы негізгі құралы болып қызмет етеді.

**Жағдаяттық-іскерлік қарым-қатынас**

Алты айда ұстау қимылын меңгерген бала ересек адамдармен қатынастың екінші деңгейіне, қатынастың күрделі түріне көшеді. Бұл жағдаяттық-іскерлік қарым-қатынас.

**Оның ерекшеліктері:**

• қарым-қатынас бала жетекші рөл атқаратын, қызметтің жаңа түрін білдіретін заттармен әрекет барысында орындалады;

• баланың қарым-қатынасқа деген қажеттілігінің мазмұны жаңа компонентпен, баланың айналасындағы ересек адамдармен бірлескен әрекетке, серіктестікке ұмтылуымен толығады. Бұл компонент балалардың ересек адамдардың мейірімді көңіліне деген бұрынғы қажеттіліктерін жоймайды, қайта оған қосылады;

• қарым-қатынасқа деген себептердің ішінде, әрекеттердің практикалық міндеттерімен ынталандырылған іскерлік уәж басым бола бастайды, енді ересектермен қарым-қатынасты іздей бастайды;

• коммуникативтік белгілер сапасында қызмет ету үшін түрлендірілген бейнелеу (заттық-әрекеттік) қимылдарының және заттық әрекетердің қалыптары сәбидің айналасындағы ересек адамдармен қарым-қатынасындағы негізгі құралға айналады.

Балалар мен ересек адамдардың арасындағы қарым-қатынастың екі түрінің аясындағы эмоциялық және бастапқы қарапайым практикалық контактілер баладан сөйлеу тілін меңгеруді талап етпейді; ол оны меңгермеген де. Алайда, бұл сәбидің сөйлеу тілімен кездеспейді дегенді білдірмейді. Керісінше ересек адамның балаға қатысты тәртібінің басым бөлігін сөйлеу тіл арқылы балаға әсер ету құрайды. Сондықтан сәбилерде сөйлеу тілінің дыбыстарына, оның бала үшін әлемнің ең

басты тұлғасы болып табылатын ересек адамның пішінімен тығыз байланысқа деген ерекше сезім ерте пайда болады.

Баланың ең алғашқы рет шығаратын дыбысы – оның туылған кездегі алғашқы айғайы. Бұның сөйлеу тіліне ешқандай қатысы жоқ, алайда ол дауыс аппаратының рефлексі болып табылады.

Сөйлеу тілін меңгеруге дайындық 2-4 айдағы жеке дыбыстарды айту жаттығуларынан басталады. Бала таңдай арты және дауысты: **аиы, оиу** дыбыстарын айта бастайды.

Баланың алты айындағы вокализациясының кейбір жағдайларда сөздермен ұқсастықтары болуы да мүмкін, бұл сөйлеу тіліне дайындық болып табылады. Мысалы, кейде сәби **«тя-тя»** деп былдырлауы мүмкін, бірақ бұл дыбыстық кешен бекітілген дыбысталумен ерекшеленбейді. Сөйлеу тілінің алдындағы вокализация жиі жағдайда баланың затпен әрекетіне ілеседі және заттық әрекеттердің дауыстық сүйемелдеуі болып қызмет атқарады. Бірақ бала жиі жағдайда вокализацияны айналасындағы адамдармен қатынас үшін де пайдаланады.

Н.М.Щелованов, Н.М.Аксарина, Н.Л.Фигурин және басқа да ғалымдар сөйлеу тілінің алдындағы вокализацияны баланың әлеуметтік тәртібінің түрі болып табылатын «жандану кешенінің» құрамына ендіреді [14]. Бала вокализацияның көмегімен ересек адамдардың зейінін өзіне аударады, оларды жанында ұстап тұруға тырысады, сонымен бірге дыбыстардың көмегімен өзіне жайлы екенін немесе жайсыздықты сезінуін хабарлайды.

Сонымен бала өмірінің бірінші жылында ересек адамдардың сөздерін белсенді түрде тыңдайды, ал ересек серіктестіктеріне жауап ретінде және айналасындағы адамдарды шақыру үшін сөйлеу тілінің алдындағы вокализацияны пайдаланады. Бала өзінің сөйлеу тілінің пайда болғанына дейін 50-ден 100-ге дейінгі сөздердің мағынасын түсінеді. Бала шамамен 8 айында өзі естіген дыбыстарға еліктей бастайды. Осыларға қарап, сөйлеу тіліне дейінгі кезеңнің өзінде балада айналасындағы ересек адамдардың сөйлеу тілінің дыбыстарына деген ерекше қатынас қалыптаса бастайды. Ол сөйлеу тіліне жатпайтын басқа дыбыстардың ішінен сөйлеу тілі дыбыстарын ерекшелеуімен және сөйлеу тілін қабылдаудағы эмоциялық сезімнің жоғарылауымен сипатталады.

Ересек адамның алты айдағы балаға сөйлеу тілдік әсер етуі оларда бірнеше секундтан кейін қатты қуанышқа ауысатын бағдарлаудың күшті реакциясын тудырады. 4-5 айға дейін ересек адамның балаға айтқан сөзі балада күшті және ұзаққа созылатын «жандану кешенін» (қуанғаны, жымиғаны, көз жанарын тоқтатуы, қимыл-қозғалыс жасауы

және дыбыс шығаруы) шақырады. Бұл әсердің тиімділігі жағынан жымию мен баланы сипау жататын еркелетуге тең болады.

Ересек адамның сөйлеу тілдік әсері бір жасқа дейінгі балада сан алуан дыбыстардан тұратын жауап реакциясын тудырады. Ересек адамның сөйлегенін тыңдап тұрған баланың тәртібінде ең алдымен ұйғарынды бастама айқындалады.

Сонымен, балалар өмірінің алғашқы айларында-ақ дыбыстық тітіркендіргіштердің арасынан айналасындағы адамдардың сөйлеу тілдік әсерін анықтай және бекіте бастайды. Бір жастың соңында балаларда сол сөйлеу тілдік дыбыстардың өзін тереңдете талдау (әр түрлі тембрлік және тональдық екі параметр ерекшеленеді) байқалады. Бір жасқа аяқ басқан бала ересек адаммен күрделі қарым-қатынасқа көшеді. Осы өзара қатынастың барысында балада ересек адаммен өзара түсіністікті қамтамасыз ететін коммуникативтік жаңа құралдарға деген қажеттілік пайда болады. Қарым-қатынастың бұндай құралына сөйлеу тілі жатады, алдымен енжар (түсіну), содан кейін белсенді (баланың өзінің айтуы) сөйлеу тілі пайда болады.

**Ересек адам мен баланың өзара жеке әрекеттестігі**

Балалардың алғашқы сөздерін әдеттегі жағдайда меңгеру үдерісі жүретін негізгі жағдайларды салыстыру бізге ересек адам мен баланың өзара жеке әрекеттенуі жүретін, сөйлеу тілінің дамуы үшін тиімді болатын әдеттегі жағдайлардың бар екені туралы тұжырымдама жасауға мүмкіндік берді. Ересек адам қарапайым тәсілдердің көмегімен баланың зейінін затқа аударады, ол үшін алдымен затты көрсетеді, затпен қандай да бір әрекеттерді орындайды, балаға ұсынады және т.б. Осы тәсілді қолдану барысында ересек адам заттың атауын білдіретін сөзді айтады, содан кейін бұл сөзді бірнеше рет қайталайды.

Осылайша бала тапсырманың екі негізгі элементін, яғни затты және олардың бір-бірімен байланысындағы оның сөздік белгісін меңгереді. Сонымен бірге, ересек адам бала үшін осы байланысты меңгеруге және оны маңыздылығын түсінуге үйренуге деген практикалық қажеттілікті тудырады. Осы мақсатта ересек адам баладан көрсетілген затты атауды өтінеді немесе оны өзі атайды да баланың ол затты басқалардың ішінен тапқанын күтеді. Баланың табысты әрекеті оған ойын үшін (кейде ересек адам да ойынға қатысады) затты беру арқылы марапатталады. Баланың коммуникативтік міндеттерді шешуінің негізінде қандай қажеттілік жатады?

Мүмкін бұл затты меңгеруге деген қажеттілік заттан жаңа әсер алу

немесе онымен әр түрлі белсенді әрекет жасау үшін қажет пе? Онда үйретудің табысты болуы заттың өзіне көңіл аударарлықтай болуынан, оны баланың қалауына тәуелді болуға тиісті. Әлде бұнда затпен әрекет тек себеп болып, баланың ересек адаммен қарым-қатынасқа деген қажеттілігі басты рөл атқара ма? Онда үйретудің табысты болуы баланың оны сөйлеуге үйрететін ересек адаммен қарым-қатынасына, серіктестердің арасындағы коммуникативтік байланыстың мазмұнына тәуелді болуға тиісті. Жоғарыда көрсетілгендерді талдай келе, біз екінші нұсқаны таңдадық, себебі баланың енжар сөйлеу тілін меңгеруі және бірінші белсенді сөздерін айтуы ересек адам мен баланың арасындағы қарым-қатынасқа тікелей тәуелді болады.

**Коммуникативтік факторлар**

Коммуникативтік факторлардың үш жағын ерекшелеу қажет, олардың әрқайсысы баланың айналасындағы адамдармен көп ай бойғы қарым-қатынастарының нәтижелерін білдіреді:

- эмоциялық байланыстар;
- бірлескен әрекеттер барысындағы байланыстар;
- дауыстық байланыстар.

Бұлардың әрқайсысын жеке-жеке қарастырайық.

**Эмоциялық байланыстар**

Ерте жастағы балалық шақты зерттеушілер госпитализм жағдайындағы немесе өз уақытының басым бөлігін негізінен баланың денсаулығына, күтіміне ғана көңіл бөлінетін, ойыншықтар және айналасында балаға қызмет көрсететін ересек адамдар да көп болатын, бірақ бала үшін жақындарының, жеке қарым-қатынастың жетіспеушілігі байқалатын балаларға арналған ұйымдарда өткізетін балалардың сөйлеу тілінің дамуында тежелістер болатынын көрсетеді.

Н.М.Аксарина, Е.К.Каверина, Ф.И.Фрадкина, Н.М.Щелованов: «Бала ересек адамдармен қатынаста жеке жағымды қарым-қатынастың жетіспеушілігі немесе осыған байланысты қандай да бір бұзылыстар байқалған жағдайда сөйлеу тілінің дамуының да кешеуілдеуі мүмкін», – деген пікірлерін білдірген [14,1,2]. Баланың ересек адаммен бастапқы эмоциялық байланысы оның өмірге келген сәтінен бастап-ақ туындап, 2 айға таман негізгі мазмұнына өзара қанағаттандырарлық сезімдерін алмасатын күрделі әрекетке айналады.

Балалар жағдаяттық-іскерлік қатынастың жоғарғы деңгейіне көшкеннен кейін де эмоциялық байланыстың маңызы кемімейді.

Керісінше арта түседі, себебі бала мен ересек адам бір-бірімен байланысын бағалауға, сондай-ақ бірлескен қызықты әрекетке қатысты практикалық икемділіктер, қабілеттер де енеді. Балалардың жанында өздері жақсы көріп, бауыр басқан адамдары болғанда, өздерін сенімді сезініп, қоршаған ортада еркін бағдарлай алады, өздерінің зейінін жағдаяттық бір элементтен басқаға дер кезінде аудара алады, сондықтан олар ересек адамның талабына қарай заттың түрі мен оның атауының арасындағы байланысты жылдам таба алады. Бұған С.Ю. Мещерякованың ғылыми жұмысы негіз бола алады, ол өзінің тәжірибесінде өмірінің бірінші жылының соңында жалғыз тәрбиеленген немесе өзіне жақын таныс емес, бауыр баспаған ересек адамның жанындағы балаға қарағанда жанында өзіне жақын ересек адамы бар баланың болып жатқан жағдайды белсенді түрде тексеретінін дәлелдеді [11].

Ары қарай ересек адаммен жақын қатынас тәжірибесі балаға коммуникативтік сөйлеу тілдік міндеттерді жылдам айқындауға, оны шешуге арналған тәсілдерді табуға көмектеседі. Балалар ересек адамның бетіне батыл қарайды, сөздерді айтқан адамдардың ернінің қимылын байқайды, бұны қарау және қолмен ұстап көру арқылы жылдам қабылдайды. Ересек адаммен эмоциялық байланыс балаларда сөйлеу тілінің туындау кезеңінде өте маңызы, ол көру-есту байланысын қалыптастыруға үлкен әсер етеді.

Сондай-ақ ересек адамның сезімталдығы да ерте жастағы баланың еліктеуге деген ынтасын арттыра түседі. Осыған қарай сөйлеу тілдік мүшелердің қимылына қатысты да осындай тенденцияның байқалуы әбден мүмкін. Бұл заттың атауын артикуляциялау балада ересек адамның айтқан сөздерін қайталауға деген бейімділікті тудырады, балалардың коммуникативтік сөйлеу тілдік міндеттерді қабылдауына көмектеседі.

Сонымен, ересек адаммен эмоциялық байланыс баланың ересек адамның айтқанын қайталауға деген ынтасын тудырады, яғни сөйлеу тілдік әрекеттің қалыптасуына жағымды әсер етеді.

**Бірлескен әрекет барысындағы қатынастар**

Сөйлеу тілінің қалыптасу кезеңінің басындағы бірлескен әрекеттер барысындағы қатынастар баланың әлеуметтік тәжірибесінің басым бөлігін қамтиды. Ересек адамның баланың әрекетін ұйымдастыруы оған ересек адаммен практикалық серіктестік әрекетті іс-жүзіне асыруға, оны орындау үдерісін бақылауға көмектеседі, ал бұл балада,

өзіне қатысты ересек адамның баланың ынтасын үнемі есепке ала отырып, басқарылатын кіші серіктестік сезімді қалыптастырады.

С.В.Корницкаяның зерттеу жұмысы баланың алты айынан бастап балалардың заттық әрекеті ересек адамның қатысуынсыз «бала – заттар әлемі» жүйесінде автономиялық түрде қалыптасатынын көрсетті. Бұндай жағдайда қарым-қатынас әрекеті әдетте қарапайым деңгейде қалады және жағдаяттық-жеке тұлғалық қатынас аясынан шықпайды. Бұл факт ересек адаммен практикалық серіктестік тәжірибесін алмаған бала заттармен әр түрлі әрекеттер жасап, ойыншықтармен өз бетімен де ойнай алатынын білдіреді. Егер оған ересек адам сөйлесе, онда бала одан тек мейірімділікті күтіп, қолын созады, жабысады, алайда бірлескен әрекетке түспейді. Ересек адамның ұсынған затын тез жоғалтып, ересек адам болғанда ойыншықтарға қызығушылық танытпайды, бала жиі жағдайда затты көрмейтіндей барлық зейінін ересек адамға аударады. Сонымен балалардың ересек адаммен қатынасының болмауы немесе жеткіліксіздігі балаға коммуникативтік сөйлеу тілдік тапсырманы қабылдауға бөгет жасайды деп ойлауға болады. Тапсырманы жетістікпен орындау үшін баланың жағдаяттағы ересек адамды да ойыншықты да ерекшелей білуі, сөзді айтып тұрған ересек адамның әрекетін сөзбен аталған затпен байланыстыруға үйренуі қажет. Немесе керісінше ересек адамдармен заттарды пайдаланудың негізінде құрылатын бірлескен әрекетінің тәжірибесінде баланы коммуникативтік сөйлеу тілдік тапсырмаларды шешуге арналған пайдалы икемділіктер мен дағдылармен қамтамасыз етеді. Бұндағы ең маңыздысы, жағдаяттық-іскерлік қарым-қатынас нәтижесінде бала ересек адамды онымен бірлескен әрекеттегі үлкен серіктестігі ретінде қабылдауға үйренеді және ол оның мейірімділігін ғана іздемейді, сонымен бірге өзі қатысатын мәселелік жағдаяттың маңызды компоненті ретінде табиғи қабылдай білуі.

Ары қарай оның зейіні ересек адамның затпен әрекет жасауына және ойыншықтардың атауларын артикуляциялауына шоғырланады. Сонымен ересек адамның құптауын бала өзінің әрекеттерімен байланыстыра бастайды, ол өзінің талпыныстарын ересек адамның үнемі құптап отыруын күтеді, сондықтан қандай да бір дұрыс емес әрекеттерін бірден тоқтата қойып (мысалы, затты беруді айғаймен немесе қырсықтықпен талап етуді, затқа үндемей-ақ қол созу), мақсатына жетуге бағытталған әрекеттерді бекітуге тырысады (ересек адамның артикуляциялық қимылын, ересек адамның айтқан сөзін белсенді түрде қайталау). Сонымен, бірлескен әрекет барысындағы баланың ересек адаммен практикалық қатынасы сөйлеу тілінің қалыптасуына жағымды әсер

етеді, себебі бұл баланың бағдарлауын ұйымдастырады, жағдаяттағы маңызды компоненттер болып саналатын ересек адам мен ойыншықты ерекшелеуге және ересек адамның затқа қатысының мазмұнын оның әрекетінен көруге, сондай-ақ осы затты білдіретін сөзді артикуляциялауды көруге көмектеседі.

**Дауыстық байланыстар**

Дауыстық өзара әрекеттестік бұл жағдаяттық-жеке тұлғалық қарым-қатынастың бір түрі, себебі бір серіктестік басқаға деген аффекті қатынасы туралы ақпаратпен алмасуға тура келеді. Коммуникативтік белгілер ретінде дауыстық дыбыстарды қолдану баланы сөйлеу тілін меңгеруге ынталандырады.

Егер балаға коммуникативтік ақпарат тасушы ретіндегі дауыстық белгі берілмесе, онда ол осы дыбыстағы қарым-қатынастық әрекет үшін қажетті мүмкіндіктерді өздігінен аша алмайды. Егер бала қандай да бір жағдайларға байланысты адамдармен қарым-қатынаста болмаған, ерте жасынан ересек адамдардың сөйлеу тілін естімеген жағдайда, баланың сөйлеу тілі дамымайды, осыған «Маугли балалар» мысал бола алады. Әлеуметтік ортадан шеттетілген, естімейтін және мылқау ата-аналардың тәрбиесіндегі есту қабілеті қалыпты дамыған балалардың сөйлеу тілі қалыптаспай, керісінше онда саңыраулықтың дамитыны туралы да оқиғалар да кездескен. Әрине, кейбір мамандар баланың сөйлеу тіліне деген туа біткен қабілеттілігінің де болатынын ескертеді. Алайда, олар да естілетін сөйлеу тілді бала ары қарай сөйлеу тілін құрастыратын дыбыстық материал ретінде қарастыралды. Сөйлеу тілінің естілуінің қалыпты мөлшері төмендегенде, балалардың сөйлеу тілдік дамуын тежейтін сөйлеу тілдік сенсорлық депривация жағдайы туындайды. Бұндай фактілер өмірінің алғашқы айларында балалаларға арналған жабық ұйымдарда тәрбиеленген балаларда байқалады.

Сонымен, баланың ересек адамдармен дауыстық қарым-қатынастары сөйлеу тілдік қызметтің қалыптасуына жағымды әсер етеді. Бірақ бала үшін өздерінің белсенді айтылымдарын құрастыру және қоршаған адамдардың сөйлеу тілін түсіну маңызды болатын ересек адамдармен қарым-қатынасты іске асыру үдерісінде ғана балалардың еститін ересектердің сөйлеу тілі олардың сөйлеу тілінің дамуына жағымды әсер етеді.

Балалардың **жағдаяттан тыс-танымдық** қызығушылықтарының қанағаттануы оларды қоршаған ортаға қосылуына және олардың

зейінінің адамдар әлеміне (әлеуметтік әлемнің объектілері мен үдерістеріне) енуіне көмектеседі. Бұнда балалардың қатынас түрі де өзгереді, яғни ол **жағдаяттан тыс-жеке тұлғалық** түрге ауыса бастайды. Оның ерекше белгілері: жағдаяттан тыс-жеке тұлғалық қатынас ойын барысында жетекші әрекет бола бастайды; балалардың қарым-қатынасқа деген қажеттілігінің мазмұнына олардың ересек адаммен өзара түсініктестікте және бастан бірге өткізуге деген қажеттілік жатады, себебі баланың пікірі мен бағалауы ересек адамның көзқарасына сәйкес келуі ол үшін бұл бағалауларының дұрыстығының сындығы болып саналады.

Ерте жастағы балаға өзінің жақсы меңгерген сөздерін айтқызудың өзі қиындық тудырады. Ересек адамдардан ұялу да оған себепші болуы мүмкін. Баланың үндемеуі немесе сыбырлап айтуы баланың ұялуының басты белгісі болып саналады. Алайда есейе келе бала сөйлеу тілін еркін реттеуге үйренеді, бұған баланы балабақшаға беру немесе басқа балалармен қарым-қатынасқа түсу де көмектеседі.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі сөйлеу тілінің қалыптасу кезеңінде баланың ересек адаммен қарым-қатынасы баланы сөйлеу тілдік тапсырманы қабылдауға және оны шешу тәсілдерін іздестіруге ынталандыра отырып, баланың алғашқы сөздерді меңгеруі үшін тиімді жағдай тудырады.

# II. ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУ МЕН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕР

Бала дүниеге келе салысымен қоршаған әлемді тани бастайды, табиғат балаға осы әлемді тануға қажетті әр түрлі қабілеттер мен мүмкіндіктерді берген. Алайда көптеген балаларға оның дамуы үшін белгілі бір қолдау мен көмек қажет болады. Себебі ол осы әлем, қоршаған адамдар, тіпті өзі туралы да ештеңе білмейді. Білімді қабылдау қабілетін де меңгеру қажет болады. Денсаулығы қалыпты жағдайдағы бала өзіне қажетті білімді үш түрлі әдіспен қабылдайды, олар:

- бақылау;
- зерттеу;
- қарым-қатынас.

Ересек адам балаға осы тәсілдерді меңгеру үшін қандай көмек бере алады? Бұл жағдайда ата-аналарға көмектесу үшін берілетін бір-ақ ақыл бар, ол баламен ойнау. Себебі ойын ғана баланың табиғи дамуына қажетті үш шартпен қамтамасыз ете алады. Енді ерте жастағы баланы сөйлеу тілін меңгеруге дайындауды кезең-кезеңге бөліп қарастырамыз.

### Туылғаннан үш айға дейінгі кезең

Бала туылған сәттен бастап ересек адаммен қарым-қатынасқа түсе алатын қабілеті болады. Ол да біз сияқты көзқарас, жымиыс, дыбыстар мен мимиканы пайдаланады. Егер баланың анасы қарым-қатынасқа түсуде енжар болып, баланың талпынысына жауап бермесе, онда баланың жалпы дамуы мен сөйлеу тілінің дамуына жағымсыз әсер етеді. Сол себепті қарым-қатынастың, диалогтың балаңыз үшін тиімді болатын әдіс-тәсілдерін іздестіріңіз.

- Баламен қарым-қатынас орнатудың кез-келген мүмкіндігін пайдаланыңыз. Әсіресе баланың жаялығын ауыстырғанда, шомылдырудың алдында, тамақтандырғаннан кейін, қыдырған кезде мол мүмкіндік туады. Қатынас орнатып, бір-біріңізге көз тоқтатып, жымиған кезде «сөйлесуді» бастаңыз. Баланың көзіне қарай отырып, белгілі бір интонациямен «а» немесе «е» дауысты дыбыстарын айтыңыз. Содан кейін үндемей, ишаратпен немесе басыңызды изеп, баланы сөзге тартыңыз. Егер бала қандай да бір дыбыс шығарса, соны дәл сондай етіп қайталаңыз да, баланың сөйлесуді «жалғастырғанын» күтіңіз.

• Егер бала кереуетте жалғыз өзі жатып, уілдегенін естісеңіз, онда оған еңкейіп, көзбен қарым-қатынасқа түсіп, оған еліктей бастаңыз. Бала өзінің уілдегенін ересек адамның байқағанын сезгенде, ол одан әрі уілдей түседі.

• Баланың шығарған дыбыстарына еліктегенде, бала сіздің аузыңыз бен ерніңіздің қимылын анық көретіндей болсын. Бұл онда сіздің шығарған дыбысыңыздың қалай «көрінетіні» туралы түсініктің қалыптасуына көмектеседі. Ары қарай оған сіздің дауысыңызға еліктеу жеңіл болады, сонымен «сөйлеуге» үйрене бастайды.

• Сөйлеу тілінің дамуының ең маңызды уәжі – ол дыбыс шығару арқылы көмек сұрай алатынын түсінуі. Балада бұл білім егер анасы оның шақыруына жауап берген жағдайда ғана қалыптасады. Баланы ұзақ уақыт айғайлатпаңыз. Бұнымен сіз оның өзіңізбен қарым-қатынасын күрделендіресіз, сондай-ақ бұл өзіне және сөйлеу тілінің маңыздылығына деген сенімін төмендетеді. Бұл сөйлеу тілінің дамуына жағымсыз әсер етуі мүмкін.

• Бала асты су болғанда, қарны ашқанда, іші ауырғанда әр түрлі дауыспен айғайлайды. Бұл айғайларды ажыратуға үйренгенде, балаға не керек екенін бірден түсінетін боласыз. Оның айғайын мақтай отырып, (*«Асты су екен-ғой. Өзі бәрін біледі, жарайсың!»)* жауап бергенде, оның айғайының анық, мәнерлі шығуына, ең бастысы баланың сөйлеу тілінің дамуына көмектесесіз.

• Адамның дауысына деген қызығушылық балаға туа біткен қасиет. Бұл қызығушылықты қолдау үшін баламен анық, мәнерлі, интонацияны, дауыс ырғағын, қаттылығын өзгерте отырып сөйлесіңіз.

• Баланың қалай еметініне назар аударыңыз. Егер ол белсенді сорып, бір емгенде тоятындай болса, онда ол оның тілі мен ернінің қимылының белсенділігін білдіреді. Бұндай бала сөйлеу тілінің дыбыстарын ерте және дұрыс айта бастайды. Егер балаға ему қиын болса (енжар сорады немесе тесігі үлкен бөтелкеден емгенді жақсы көріп, кеудеден және еміздіктен мүлдем бас тартса), онда оның ерні мен ұртының бұлшық етін нығайту үшін әр түрлі ойындар ойластырыңыз. Мысалы, еміздікті балға батырып (балға деген қарсы көрсеткіші болмаса), баланың аузына салып, алға-артқа қарай қозғаңыз, еміздікті аузына салып, баланың ұртын сипаңыз; содан кейін сәл тоқтап, балаға еміздіктің қандай жақсы екенін «көрсету» үшін қайтадан әрі-бері қозғаңыз, оны емуге үйретіңіз. Баланы ернін жалауға ынталандыру үшін оның ерніне сәл мұз тигізіңіз, жіңішке қылқаламмен жүргізіңіз. Ұртынан ұстап, сәл қысыңыз. Бала емгенде басын төмен қаратып ұстамауына («кеудеге құлаған») назар аударыңыз, онда ол дұрыс жұта алмайды.

**Үш айға дейінгі бала не істей алады**

**Сөйлеу тілдік дағдылар**

**Бір ай:**

1. дыбысқа әсері бар, қолы мен аяғын ербеңдетеді немесе керісінше тыныштала қалады;

2. асты су болғанда, қарны ашқанды, іші ауырғанда айғайлайды.

**Екі ай:**

1. анасының дауысын таниды;

2. онымен сөйлескенде немесе оған өлең айтқанда, дыбыс шығарады.

**Үш ай:**

1. өзінің есімін естігенде немесе жағымды дауыспен басқа сөзді айтқанда жымияды;

2. өзінің эмоциясын білдіру үшін дауысты пайдаланады.

**Төрт айдан бес айға дейінгі кезең**

Бұл кезде ол анасын және басқа да жақын адамдарын ажырата алады, аналарының қолында отырған басқа балаларға да зейін қойып қарай бастайды.

- Баланы сіздің оған деген қандай да бір сөзіңіздің, ишаратыңыздың, мимикаңыздың белгілі бір тәртіпті шақыруға бағытталатына үйрете бастаңыз. Оны тамақтандырғанда («Аузыңды аш»), киіндіргенде («Қолыңды бер»), ойыншық бергенде және т.б. деп, әрекетті сөйлей отырып орындаңыз. Анық, қарапайым сөз тіркестерін пайдаланып, интонациямен сөйлеуге үйреніңіз. Бұл өте маңызды, онсыз балаға сөйлеп үйрену қиын болады.
- Балаға жақын келгенде, оны есімін айтып шақырыңыз. Егер ол жауап ретінде сізге қарамаса, онда балаға жымиып, басынан сипаңыз. Ойын барысында, онымен қандай бір әрекетті орындағанда, оның есімін жиі қайталауды ұмытпаңыз.
- Балаңыздың өзін қызықтырған затқа қол жеткізу кезінде қандай дыбыс шығаратынына, тамақтанғанда, киіндіргенде өзінің наразылығын білдіргенде, сізді ойнауға шақырғанда қандай дыбыстарды пайдаланытына назар аударыңыз. Оның барлық «айтқандарына» бірден жауап беріңіз.
- Баланың уілдеп жатқанын (жеке дауысты дыбыстар, дыбыстардың үйлесуі: *«аиы», «оиу», «угу», «ыги»* және т.б.) ести салысымен, сіздің бетіңізді, әсіресе ерніңізді жақсы көретіндей етіп, балаға қарай еңкейіп, баланың айтқанын қайталай бастаңыз. Оның айтқанын

дәл қайталауға тырысыңыз. Сөйлескенге ұқсатыңыз. Дауысты дыбысты немесе буынды айтып, баладан жауап күткендей, оның бетіне қараңыз. Бала жалыққанша жалғастыруыңызға болады.

- Баламен әрекеттенгенде – оны қолға алғанда, киіндіргенде, шомылдырғанда және т.б. оны қандай да бір дыбыс шығаруға ынталандырыңыз. Ол үшін оның бетіне жымия қарап, бұрын өзі айтқан дыбысты (буынды) айтыңыз. Айтқаннан кейін біраз уақыт оның бетіне қарап күтіңіз, егер ол жауап бермесе, сол дыбысты (буынды) немесе оған таныс басқа дыбысты (буынды) бірнеше рет қайталаңыз. Айтқанда дауысыңыздың қаттылығын, мәнерлілігін түрлендіру пайдалы болады.
- Дыбыстармен ойынға сіздің жанұяңыздың басқа мүшелері де қатыссын. Әр түрлі адамдар айтқан «а» дыбысы әр түрлі болып естіледі. Көптеген ересек адамдармен ойнай отырып, бала әр түрлі дыбысталған «а» әріпін біреуге біріктіре алады. Бұл оған кейіннен анасының ғана емес, әр түрлі адамдардың сөйлеу тілін түсінуге де көмектеседі.
- Сан алуан интонацияларды (қуаныш, таң қалу, сұрау және жақсы көру) және соған сәйкес бет-әлпет түрін пайдаланыңыз. Интонация мен мимиканың үйлесуі балаға басқа адамдардың эмоцияларын түсінуге үйретеді.

**Төрт айдан алты айға дейінгі бала не істей алады**

**Сөйлеу тілдік дағдылар**

**Төрт ай:**

1. оны шақырғанда, бұрылады;
2. *«ғы», «еғы» «ыхы»* ұқсас дыбыстарды шығарып уілдейді.

Оған еліктеген анасымен осылайша сөйлеседі.

**Бес ай:**

1. шыққан дыбысты ести салысымен, дыбыс шыққан жерге қарай бұрылады;
2. «өлең айта» бастайды, дауысты дыбыстарды созып, әндетеді.

**Алты ай:**

1. өзінің есімін ести салысымен, әрекетін, ойнын тоқтата қояды;
2. *«м-м-м»* деп айта бастайды.

**Жеті айдан тоғыз айға дейінгі кезең**

- Дамудың бұл кезеңіндегі бала «ересек», ол өзінің, басқалардың тәртібін басқару үшін дыбыстар мен ишараттарды пайдаланады. Өзінің эмоциясын дыбыстармен білдіреді, ересек адам да оған әсер ету үшін сөз бен ишаратты пайдаланады. Мысалы, баланы көтергісі келгенде, балаға қарай қолын созып: *«Кел, келе ғой маған»,* – дейді. Ал бала сынатын затқа қол созғанда, анасы басын шайқап: *«Жоқ, болмайды»,* – дейді.

Бала ересек адамның сөздеріне, сөз тіркестеріне еліктеп, әр түрлі интонацияда былдырлай бастайды.

• Баланы қолға алмас бұрын, оған қарай қол созып, оның ары қарай қандай әрекет жасайтынын сәл күте тұрыңыз. Ол қолын немесе басын қозғалтуы, ал «кейбір жағдайда» ешқандай әсері де болмауы мүмкін. Ондай жағдайда оның қолын ұстап, ақырындап көтеріңіз. Содан кейін ғана баланы қолға алыңыз. Оны қолға аларда, үнемі осылай істеп отырыңыз. Балаға қол созғаннан кейін, баланың жауап беруіне уақыт беріп, сәл кідіріс жасаңыз. Егер ол сізге қолын созса, оны құшақтап, бетінен сүйіңіз.

• Тамақ ішерде, баланы нені қалағанын ишаратпен көрсетуге ынталандырыңыз. Тамаққа қарай ұмтыла ма, соны бақылаңыз.

• Баланың тәртібіне мұқият көз салыңыз, оның сізге нені хабарлағысы келетінін түсінуге тырысыңыз. Оның ойын табуыңызбен оны түсінгеніңізді білдіресіз, оның ишаратты пайдалануға, дыбысты шығаруға деген ынтасын бекітесіз.

• Ойыншықтармен ойнағанда, өз әрекеттеріңізді дыбыстап отырып орындаңыз. Мысалы, ойыншық машинаны жүргізгенде «в-вв», «трр» дейді.

• Ойыншық жануарларды, аңдарды олардың дыбыстарын шығару үшін пайдалануға болады. Ойыншық күшік «ав-ав» деп, баланы қытықтасын. Барлығының дыбыстарын шығарып көрсеткен соң, ойыншықты баланың қолына ұстатып, оның қалай деп «айтатынын» сұраңыз.

• Сұқ саусақпен допты көрсете отырып, «Мынау доп» деп айтыңыз. Осылайша бірнеше рет қайталап, баладан «Доп қайда?» деп сұраңыз. Бұл әрекетті балаңыздың сүйікті ойыншығымен де жасаңыз.

• Балаңыз кішкентай болған кезде, ересек адамдардың арасында жағымсыз қылық болып саналатын саусақпен көрсету әрекетін пайдаланыңыз. Итті, мысықты, машинаны, қызықты ойыншықтарды және т.б. саусақпен көрсетіңіз.

• Баланың қолына ойыншық ұстатқанда «мә» деңіз, ал оның қолынан алғанда «бер» деңіз.

• Балаңыз былдырлай бастаса, сіз оның тілінде сөйлеңіз. Оның былдырын қайталағанда ренжігеніңізді немесе қуанғаныңызды білдіріңіз де, оның былдырының интонациясында өзгерістердің пайда болуын бақылаңыз. Бұл ойында қуыршақ пен ойыншықты пайдалануға болады. Бұндай ойындар арқылы балаңызға туған ана тілінің интонацияларын меңгеруге көмектесесіз.

• Музыка әуені бойынша қимылдау ересек адамда ғана емес, ба-

лада да жағымды сезім тудырады. Баланы қарсы алдыңызға отырғызып, өзіңіз айтып отырған өлеңнің әуеніне қарай оң жаққа, сол жаққа қарай қарай қозғаңыз. Қарқыны, ырғағы әр түрлі музыканы пайдаланыңыз.

**Жеті айдан тоғыз айға дейінгі бала не істей алады**

**Сөйлеу тілдік дағдылар**

**Жеті ай:**

1. оны ұрысқанды түсінеді;
2. қандай да бір буынды («ма», «ба», «тя») бірнеше рет қайталай отырып, былдырлайды.

**Сегіз ай:**

1. «болмайды» дегенде, істеп отырған әрекетін тоқтатады;
2. ересек адаммен ойнағанда, оның артынан өзі былдырлайтын буындарды қайталайды.

**Тоғыз ай:**

1. «кел маған» сөзіне қолын созады;
2. жөтелген, мөңіреген, мияулаған және басқа да дыбыстарға еліктейді.

**Он айдан он екі айға дейінгі кезең**

Бұл кезеңнің соңында бала жақсы қимылдайды, өзінің бағдары мен әрекетін табандылықпен меңгере бастайды. Бала икемділіктерінің басым бөлігін ересек адамдарға еліктеу арқылы меңгереді. Ересек адамның айтқанының басым көпшілігін түсінеді, өзінің қалауы мен талаптары туралы хабарлай біледі. Бірақ оның түсінуі сіз айтқан сөздердің шеңберінде ғана негізделеді.

- Бала өзі естіген буындарды немесе қарапайым сөздерді қайталай алады. Алайда олар тек қысқа сөздер мен балалар айта алатын дауысты және дыбыстарға ғана қатысты болады. Оны сөйлеуге үйреткенде, жаңа ойын жағдаяттарын тудырып, өзіңіздің сөздеріңізді қайталауға ынталандырыңыз.
- Шомылдырғаннан кейін, балаңызды сүрткенде, дене мүшелерін атаңыз. Мысалы, *«Мынау аяқ, аяғыңды соз, қандай жақсы аяқ», «Қолың қайда, міне қол...», «Ал мынау арқа» және* т.б. Киіндіргенде, одан көмектесуді өтініңіз: *«Аяғыңды соз», «Қолыңды әкел», «Басыңды көтер»* және т.б.
- Баланы көтеріп тұрғанда, одан сұраңыз: *«Алмастың мұрны қайда?».* Оның саусағын ұстап, мұрнына тигізіп: *«Мынау мұрын»* деңіз. Содан кейін *«Апаңның мұрны қайда?»* деп сұраңыз. Оның саусағын мұрныңызға тигізіп *«Мынау апаның мұрны»* деңіз. Сол сияқты басқа дене мүшелерін де көрсетіңіз. Бала өздігінен өзінің және сіздің дене

мүшелеріңізді көрсеткенше қайталай беріңіз. Бұл ойынға үйренгеннен кейін, оны айнаның алдына тұрып ойнаңыз.

- Баламен ойнау барысында, одан оңай, ол үшін таныс әрекеттерді *(ал, сал, көрсет, мында кел, жүргіз, ки)* орындауды өтініңіз. Егер ол өтінішке құлақ түрмесе, онда оған ишаратты қосып қайталаңыз. Егер ол да көмектеспесе, онда балаға одан қандай әрекетті күтетініңізді көрсетіңіз немесе балаға одан талап еткеніңізді орындауға көмектесіңіз.
- Әр түрлі тұрмыстық заттар мен ойыншықтарға қатысты *«бер», «көрсет», «ал»* сөздерін айтыңыз. Тамақ ішкенде баланың алдына әр түрлі тағам түрлерін қойыңыз, мысалы, печенье, алма, нан және т.б. *«Нанды ал»* деңіз. Егер бала сұраған затты алмаса, оны түзетіңіз. Бұл тапсырманы әр түрлі ойыншықтармен де орындауға болады.
- Егер бала *«бер», «ал»* әрекеттерін орындамаса, онда оның заттар мен ойыншықтардың атауларын түсінетіндігін тексеріп көріңіз. Қажетті заттың қайда екенін сұраңыз да ол көзқарасын қай жаққа аударғанын бақылаңыз. Егер ол сіздің атаған затыңызға қараса, онда оны мақтаңыз.
- Баламен бірге ойыншықтар, жануарлар, әдеттегі заттар бейнеленген кітаптарды қараңыз. Қандай да бір объектіні саусақпен көрсетуін өтініңіз. Егер орындаса, оны міндетті түрде мақтаңыз. Итті немесе мысықты көрсеткенде олардың қалай дыбыстайтынын да қайталаңыз.
- Егер бөлмеде жанұя мүшелері болса, баладан оларды көрсетуді өтінеді. Мысалы, *«Әкең қайда? Әкеңді көрсет».* Егер ол кезде бала өздігінен жүрсе, онда оған: *«Әкеңе (апаңа, әжеңе, тәтеңе және т.б.) бар»* дейді, бала бара жатқан адам баланы қуанышпен қарсы алуға тиісті.
- Баланы *«Жоқ», «Керек емес»* дегендерді білдіру үшін басын шайқатуға үйретіңіз. Жанұя мүшелерінің біреуінен баланың ұнайтпайтын тамағын балаға ұсынуды өтініңіз. *«Жоқ, жегім келмейді, керегі жоқ»* деп басыңызды шайқаңыз.
- Осы тәсілдерді балаға *«Иә»* деп келісімін білдіру үшін басын изетуге үйретіңіз. Баланың жақсы көретін тағамын ұсынып. *«Жегің келе ме?»* деп сұрасын, *«Иә, жеймін»* деп басыңызды изеңіз.

**Он айдан он екі айға дейінгі бала не істей алады**

**Сөйлеу тілдік дағдылар**

**Он ай:**

1. онымен қоштасқанды түсінеді;
2. бір сөзді анық айтады.

**Он бір ай:**

1. таныс заттардың атауларын түсінеді;
2. сөздерді қайталауға тырысады.

**Он екі ай:**

1. өтінгенде алақанын шапалақтайды;
2. өз тілінде «сөйлейді», мағынасыз буындар дәйектілігін қайталайды.

**Бір жастан екі жасқа дейінгі кезең**

Бір жасқа толған бала – өте белсенді, барлық нәрсеге әуестенетін, қызығатын, жеке дербес кішкентай адам. Ол ұстауға болатын, болмайтын барлық затқа қол жеткізуге, оны ұстауға ұмтылады. Сондықтан баланың дамуы үшін қажетті ақпаратты алу мүмкіндігін тудыру мен баланың қауіпсіздігін сақтауды бірдей алып жүру үшін, *«қара, ұста, істе» және «болмайды»* сөздерінің арасындағы теңгерімді сақтау қажет болады. Ойын балаға үй шаруасынан жағымды сезім алуға ғана емес, сондай-ақ ол тыйым сөздерді түсініп, ережелерге бағынуға үйренуге көмектеседі.

Бала өзінің ана тілін естуге міндетті, алайда бала еліктеу бойынша үйренетіндіктен, ол бұрмаланбай, дұрыс айтылу керек. Сөйлеу тілі пайда болуы үшін оны қарым-қатынастың негізгі құралы ретінде пайдалану қажеттілігі болуға тиісті. Егер балада қандай да бір жағдайға байланысты бұндай қажеттілік болмаса, онда сөйлеу тілінің дамуы тежеледі немесе оның сөйлеу тілінде әр түрлі деңгейдегі бұзылыстар пайда болуы мүмкін.

- Баланы дене мүшелерінің атауларын білуге үйрету үшін әр түрлі ойындарды пайдалануға болады немесе өзіңіз ойдан шығарып, әндетіп ойнауға да болады. Мысалы,

Баламның қолы қайда екен?
Ой, ой, қайда кетіп қалған?
Ай-ай!
Міне, таптым! Қолының тәттісін-ай!

Баламның аяғы қайда екен?
Ой, ой, қайда кетіп қалған?
Ай-ай!
Міне, таптым! Аяғының тәттісін-ай!

Баламның мұрны қайда екен?
Ой, ой, қайда кетіп қалған?
Ай-ай!

Міне, таптым! Мұрнының тәттісін-ай!

Осылайша құлақ, қарын, арқа және т.б. туралы әндетуге болады. Дене мүшесін жоғалтқанда қатты ренжігеніңізді білдіріп, тапқанда қатты қуанып, баланың табылған дене мүшесін қытықтап, сүйіңіз.

• Бала айта алатын дыбыстар кездесетін қысқа өлеңдерді айтуға болады. Мысалы, егер бала «у» дыбысын жақсы айтқан жағдайда, «у» дауысты дыбысын дауыссыз дыбыспен қосып айтуға үйрету үшін мына өлеңді айтыңыз:

Жел улейді у-у,
Құйын келіп билейді зу-зу,
Қатты, қатты жел соқты гу-гу,
Жапырақтар қол соқты ду-ду.

Бұнда ең бастысы, баланың өлеңнің соңғы буындарын сізбен бірге қайталап үйренгені.

• Ойын барысында анық және дұрыс айтылған ана тілі сөздерімен бірге балалардың сөздерін де пайдаланыңыз. Мысалы, машина *«бр-р, бип-бип»,* трактор *«дыр-дыр-дыр»,* паровоз *«ту-ту-ту»,* баланың жүрісі *«топ-топ-топ»* және т.б. Баланы айта отырып ойнауға үйретіңіз.

• Өлең айтыңыз. Баланы өзіңізге қосылып, әндетуге ынталандырыңыз. Қазақ халқының «Бесік жырларынан» басқа, ақын, сазгерлерінің де аналарға, сәбилерге арналған көптеген өлеңдері бар. Мысалы, «Әке әлдиі» сөзі М. Көбегеповтікі, әні С. Рысбаевтікі; «Ән жүрегім, жан ұлым» сөзі Ш. Сариевтікі, әні Н. Тілендиевтікі; «Әлди, әлди» сөзі Д. Мүсіровтікі, әні К. Қуатбаевтікі; «Бал бөбегім» сөзі Б. Тәжібаевтікі, әні Р. Байқоңыровтікі; «Бөбек жыры» әні Т. Молдағалиевтікі, сөзі М. Қойшыбаевтікі; «Бесік жыры» сөзі М. Әлімбаевтікі, әні И. Жақановтікі; «Әже әлдиі» сөзі Ш. Смаханұлынікі, әні А. Қоразбаевтікі және т.б.

• Әрбір жарты сағат сайын балаға *«апа деп айт», «бер деп айт»* деп, оның мазасын ала бермеңіз. Қайта бір мезгіл баланың айтқанын «түсінбеңіз». Мысалы, бала *«бип-бип»* деп, машинканы сұраса, баладан *«Саған машинка берейін бе»* деп бетіне қарап, оның жауабын күтіңіз.

• Баладан көмек сұраңыз, алдымен бөлменің басқа жағындағы, содан кейін басқа бөлмедегі затты алып келуді өтініңіз. Әрине бұл зат балаға жақсы таныс болуға тиісті, дегенмен бұны баланың жақсы көретін ойыншығынан бастаған дұрыс болады. Содан кейін өтінішіңіздің аумағын кеңейте беріңіз.

• Таңдауға берілген ойындарды ойнау да пайдалы болады, мысалы, баланың алдына екі содан кейін үш затты (ойыншық, киім, тамақ, ыдыс

және т.б.) қойыңыз да, баладан аты аталған затты беруді өтініңіз. Осылайша бала жаңа сөздерге және таңдай білуге үйренеді.

**Бір жастан екі жасқа дейінгі бала не істей алады**

**Сөйлеу тілдік дағдылар**

**Он екі айдан он бес айға дейін:**

1. екі заттың ішінен аталған затты таңдайды;
2. өтініш бойынша затты береді;
3. таныс сөзді ересек адамның артынан қайталайды.

**Он бес айдан он сегіз айға дейін:**

1. үш заттың ішінен аталған затты таңдайды;
2. өтініш бойынша таныс затты басқа бөлмеден алып келіп береді;
3. екі-үш дене мүшесін біледі;
4. 10-20 сөзді айтады.

**Он сегіз айдан екі жасқа дейін:**

1. төрт заттың ішінен аталған затты таңдайды;
2. қысқа ертегіні аяғына дейін тыңдай алады;
3. бес-алты дене мүшесін біледі;
4. өзінің есімін айтады.

**Екі жастан үш жасқа дейінгі кезең**

Бұл жастағы бала өзі аз сөйлегенімен, айтылған сөздерді жақсы түсінеді. Ол көптеген заттарды, адамдарды біледі, өмір тәжірибесі де молайды. Енді онымен оның дамуына көмектесетін көптеген ойындарды ойнауға болады. Балаға көмектесу қағидаларын жақсы түсінген баланың анасы да баланы тыңдауға, дауыс желбезегін меңгеруге үйрететін, артикуляциясын жаттықтыратын, ойлау қабілетін дамытатын пайдалы ойындарды ұйымдастыра алады.

- Баланы сөйлеуге үйрету үшін алдымен оны тыңдауға үйретеміз. Ол үшін ойыншық даңғараны, қоңырауды, сыбызғыны, шиқылдақ ойыншықтарды, қасықты және т.б. заттарды пайдалануға болады. Балаға алдымен осы заттарды көрсетіп, одан кейін тыңдатыңыз. Содан кейін баладан көзін жұмуды (теріс қарап тұруды) өтініңіз де әр түрлі заттардан әр түрлі дыбыстарды шығарып, *«Бұл ненің дыбысы?»* деп сұраңыз. Бала дұрыс тапса, оны мақтаңыз. Содан кейін тапсырманы күрделендіруге болады, мысалы, көшедегі ағаштардың шуылын немесе машиналардың жүрісін, адамдардың дауысын, құстар мен жануарлардың дыбыстарын тыңдауға арналған ойындар ұйымдастырыңыз.
- Баланы сөздік нұсқауларды орындауға үйрету үшін нұсқауларды көңілді дауыспен, дауыс қарқынын баяулата, үдете түсіп айтқан тиімді болады. Мысалы, *«Қуыршаққа бар, қуыршақты ал, машинаға отырғыз,*

*оны қыдырт...»* және т.б. Бес-алты нұсқау жеткілікті болады. Егер бала бәрін дұрыс орындаса, оны мақтап, баламен бірге қуаныңыз.

- Орындау техникасы бір-біріне ұқсас ойындарды ұйымдастыру да пайдалы болады. Мысалы, *«Жеуге болады-жеуге болмайды», «Отыруға болады-отыруға болмайды», «Сөйлейді-сөйлемейді»* және т.б. Балаларға ақылды ересек адамдардың шатасқаны, түсінбегені өте ұнайды. Мысалы, апасы: *«Тоқаш жеуге бола ма?»* деп сұрағанда бала: *«Болады»* дейді. Ал *«Допты жеуге бола ма?»* деп сұрағанда бала: *«Болмайды!»* деп айғайлайды, апасын ауырып қалудан аман сақтап қалғанына да қуанады. Басқа ойындарды да осылай өткізуге болады.

- Дауыс желбезегінің жұмысын басқару қабілетін дамытуға арналған ойындарды ұйымдастыруға болады, мысалы, бұл ойындарда айтуға, тыңдауға, сыбырлауға, айғайлауға, баяу сөйлеуге және тез сөйлеуге арналған тапсырмалар ұсынылады. Мысалы, апасы: *«Үлкен аю келе жатыр»* деп, жуан дауыспен: *«Топ-топ-топ»* дейді де баладан оны қайталауды өтінеді, *«Әне кішкентай көжек жүгіріп бара жатыр»* деп жіңішке дауыспен: *«Топ-топ-топ»* дейді де баладан қайтадан қайталауды өтінеді және т.с.с.

- Сөздерді айтудың сапасы тәуелді болатын баланың бетінің бұлшық етін нығайту үшін баламен *«дыбыссыз әңгіме»* ойынын ойнаңыз. Балаға қарап қатты дауыспен *«У-у-у!»* деңіз, баладан онымен бірге осылайша дыбыс шығаруды өтініңіз. Содан кейін балаға бізді ешкім естімейтіндей етіп *«У-у-у деп айқалаймыз»* деп айтыңыз да, ерніңізді *«У-у-у»* деп айғайлағандай қалыпқа келтіріңіз. Осылайша, ерніңізді созып, аузыңызды кең ашып басқа дауысты дыбыстарды да үнсіз айтуға жаттықтырыңыз. Апасының бет-әлпетін өзгерткені балаға қызық болып көрінеді.

- Артикуляцияны дамыту үшін *«мысықтың сүт ішкенін», «қасқырдың қалай ұлығанын», «шарды қалай үрлегенін»* және т.б. қайталауға болады. Балаға бұл қимылдарды көрсетіңіз, ол соны қайталасын.

- Балаға әр түрлі адамдармен сөйлесуге мүмкіндік беріңіз. Оның сөзін «аударуға» асықпаңыз. Ол өзінікін түсіндіруге тырыссын, оны түсінген кезде баланың қалай қуанғанын байқайсыз.

- Бала мысықтың, иттің, сиырдың қалай «сөйлейтінін» білетін болар. Енді бұл ойынды «керісінше» ұйымдастыруға болады. Жануарлардың пішіндерін алыңыз. Олардың қалай «сөйлейтінін» баланың есіне түсіріңіз. Содан кейін *«Му-му»* деңіз де бұны ненің дыбыстап тұрғанын көрсетуді өтініңіз. Бала ойыншықтардың арасынан си-

ырды тауып, сізге берсін.  Балаға қызықты болу үшін кезектесіп отырып табыңыз.

- Баланы сөйлеуге, ұзақ диалогтарды құруға күштемеңіз.  Егер бала сөзбен жауап бермесе, онда ол үшін өзіңіз жауап беріңіз. Мысалы, *«Қара! Терезе алдында не отыр? Саған ұнай ма?»* дегенде, бала жай ғана бір дыбыс шығаруы мүмкін. Сонда апасы: *«Терезенің алдында торғай отыр.  Маған да ұнайды. Ой, ұшып кетті»,* – дейді. Бала жауап беруге ынталанады, тырысады.
- Бала үш жасқа толар кезінде үлкен адамдардай сөйлеуге үйренеді, ал ересек адамдар ол үшін мұғалім болады. Апасы мен әкесі баласының жіберген қатесі үшін ұрыспайды, қайта онымен бірге күліп, ойнайды. Жіберген қатені ойнай отырып, түзетеді.

**Екі  жастан үш жасқа  дейінгі бала не істей алады**

**Сөйлеу тілдік дағдылар:**

1. «...қайда?» деген сұраққа жауап ретінде  сұраған  адамды, затты көрсетеді;
2. әңгіме айтып отырған адаммен екеуден екеу отырып, айтылған әңгімені 10 минут бойы зейін салып тыңдай алады;
3. он  дене мүшесін біледі;
4. «бір» және «көп», «менікі» және «сенікі» сөздерін, көмекші сөздерді түсінеді;
5. бес сөзге дейін сөз тіркесін айтады, сұрақ қоюға үйренеді.

# III. ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУДА ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ШЫҒАРМАЛАРЫ МЕН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазақ халқының белгілі ағартушыларының бірі М.Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде ұлт тәрбиесі туралы былай деп жазған: «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбиесі туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» [9]. Шынымен, өз баласын елінің ардақты азаматы етіп тәрбиелеуді, жан-жақты жетілген тұлға етіп өсіруді армандаған ата-анаға қазақ халқының бала тәрбиесі туралы мол мұрасынан, қайнар көзінен сусындауға болады.

Қазақ ауыз әдебиетінің шығармалары мен ұлттық ойындарға үлкен мән беріп, халықтың асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды. Бұл пікірімізді заманымыздың заңғар жазушысы М. О. Әуезовтің төмендегі сөздері де дәлелдейді: «Біздің заманымыздың өмір кешкен ұзақ жолында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір мағыналары болған» [12]. Халқымыздың ұлттық ойындарында ұрпақ қамын ойлаған, бір жүйеге келтіріліп өрнектелген ой мен әрекеттің, құпия философияны түсінуге жетелейтін адамгершіліктік үлгі-өнеге желісі бар. Жас бала ойынға алдымен үйренуші, көруші, өсе келе соған белсенді қатысушы, келесі кезеңді үйретуші, жаттықтырушы, ұлғая келе көруші жанкүйер ретінде қатысады. Өз баласының бойына ана тіліне, халқына, еліне деген сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін дарыта отырып тәрбиелейтін, баланың ертеңгі болашағына ең алғаш жол сілтер оның ата-анасы.

**Халық ауыз әдебиетінің баланың сөйлеу тілінің дамуына тигізер әсері**

Іңгәләп дүние есігін ашқанда сәби бойына ана тілі ана сүтімен бірге дариды екен. Адам алғаш дүниеге келгенде оған ең қажетті нәрсе – аяулы ана алақаны болса, өсе келе өз ұлтының рухани-байлықтарын, құндылықтарын бойына сіңіре білуге ең қажетті нәрсе ол – ана тілі. Өз ана тілін, өз халқын сүйіп өскен азамат қана басқа халықтарды түсініп, құрметтей біледі. «Тәрбие басы – тіл» деген осы күнге дейін мән-мағынасын жоғалтпаған қанатты сөз XI ғасырдың ұлы ойшылдарының бірі Ахмет Иүгінекидің есіміне қатысты [8]. Ата-аналардың баласына арнап алғаш айтар өлеңі бесік жырлары болып табылады. Бесік жыры – халық тапқырлығы мен даналығы. Ізгі ойдың санаға дарыған мөлдір бұлағының тамшылары. Негізінен аналардың балаға деген мейірін үстемелейді, сезімді тебірентеді. Бөлеуде жатқан баласын бесіктің арқалығына сүйене отырып емізген ана жанын еміренткен арман-тілегін де, көкейдегі көксегенін де әндетіп айтады. Сол сезімінің бәріне халық сөзі арқау болады.

Баланың анасы немесе әжесі бесікті тербете отырып, өлең айтып, жыр жырлайды. Ана:

Әли, әлди, ақ бөпем,<br>
Ақ бесікке жат, бөпем!<br>
Айналайын шырағым,<br>
Көлге біткен құрағым,<br>
Маңдайдағы құндызым,<br>
Аспандағы жұлдызым.<br>
Әли, әлди, әлди-ай,

Әлди, бөпем, ұйықта жай! – деп жырлайды. Жас нәрестесін жақсы көрген анасы оны халық ұғымындағы ең жақсы нәрселерге теңейді. Осы қасиетті де қымбатты заттармен бірге туған халықтың тілі, елінің мұңы, ердің сыры – барлығы қосылып, ананың ақ сүті, жұмсақ үні, әсем жырымен бірге жас нәрестенің құлағына құйылып, ой-санасына сіңе береді, сондай-ақ оның сөйлеу тілінің жылдам дамып, қалыптасуына да жағымды әсер етеді. Қазақ халқы бала тәрбиесіне үлкен мән берген, осы әлдиімен ана баласын болашақ өмірге дайындап, оған артар үміті мен білдірер сенімін де қоса жырлаған. Баланың сөйлеу тілінің дамуының алғы шарты тыңдау екенін айтып өткен едік, бала алғашқыда сіздің айтқан өлеңізді тыңдап, өсе келе сізбен бірге әндете бастайды. Оның бұл әрекетін қолдап, мейірімді дауыспен жауап беріп, баланы да жауап беруге ынталандырыңыз. Бесік жырын айту баланы тыныштандырса, ал

сізді халық тарихына, өткеніне бір табан жақындатады. Сырлы сөз бен сазды әуен астасып келетін бесік жыры халық педагогикасының бастау бұлағы ғана емес, қазақ әйелінің жан дүниесін танытатын, кезеңдік ел тұрмысынан мол мағлұмат беретін шалқары кең өлең ретінде қабылдап, оның мазмұнына ой жүгіртсек, қазақ халқының сол кездегі тұрмыс-тіршілігінен де біраз хабардар болуға болады.

Мына жырдан нәрестені уату ғана емес, ана махаббатының, мейірінің кіршіксіз нәрестеге арналып жүрегінен шымырлап шыққаны көрініп тұр:

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікте жат бөпем.
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін
Тапыл басып жүргенде,
Тілің шығып сөйлерде,
Ақсарбас, сойып қуанып
Өміріңді тілейін!... – деп кете береді.

Сонымен бірге, анасы не әжесі баланы бесіктен өлеңдетіп шешіп алған:

Анасы шешіп алсын,
Ұйқысы бесікте қалсын.
Бадам бесіктен шықсын,
Пәлесі есіктен шықсын.

Құйрығыңды майырып,
Түнде жылқы қайырып,
Жаудан жылқы айырып,
Жігіт болар ма екенсің?!
Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?!
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,

Ұста болар ма екенсің?! – деп келетін осы бір өлең жолдарынан халықтың болашақ ұрпақ тәрбиелеудегі ой-арманы айқын көрінген. Ол ана тілегі арқылы беріліп отыр. Мал бақ, кәсіп ет, ел-жұртыңды жаудан қорға деген ойын халық бесікте жатқан нәрестеге ақыл-кеңес, тілек етіп білдірген. Баланы жастайынан ел намысын қорғаушы азамат болуға баулу, оны ана аманаты ретінде келер ұрпақтың құлағына сіңіру

ежелгі ел-дәстүрінің озық түрі болған. Төмендегі өлеңнен баланы сөзге тартқаны, оны сөйлеуге қызықтырып, ынталандырғаны байқалады:

– Бөпем менің қайда екен?

– Асқар, асқар тауда екен.

– Тауда неғып жүр екен?

– Алма теріп жүр екен.

– Қинамай ма бұл ісі,

– Қызық па екен жүрісі?

– Қызыл алма қолында,

– Қыздар оның соңында!...

Сонымен бұл жырлардан өмір ағысындағы тіршілік құбылыстардың жанға жылы лебін, қазақ жырының өзіне тән ұлттық сипатын танимыз. Бесік жырының бәрінде ананың мақсат-мүддесі нысана ретінде қамтылады. Бесік жырларының тұнып жатқан тәрбие көзі екенін көруге болады. Қазақтың «Баланы жөргегінен баулы» деген сөзі осыған дәлел бола алады.

Сәл өсе бастағанда, ата-ана баланың ой-өрісін, сөйлеу тілін дамытуға арналған ойын-өлеңдер ойлап тапқан. Солардың бірі – санамақтар. Санамақ жыры басында баға сан үйретуден туған. Кейіннен онда сан жеке айтылмай, аталуы ұқсас екінші бір сөзбен қосақталып, тіркесіп баланың сөйлеу тілін, есте сақтау қабілетін дамытуға пайдаланған. Балалардың тез жаттап алуына оңай болатындай сөзбен бірігіп (бір дегенім – білеу, екі дегенім – екеу), кейде сан тәуелдік және атау түрінде өзара тіркесіп (бірім – бір, екім – екі, үшім – үш) қайталанады.

Ауыз әдебиетінің жанрлары сан алуан, бесік жырларының, санамақтардың, өтірік өлеңдердің, жаңылтпаштар мен жұмбақтардың, мақалдар мен мәтелдердің де бала тәрбиесінде атқарар қызметі аз емес. Бұлар көбінесе баланың түсінігін, дүние танымын кеңейтуде, оның тілін ұстартып, ойын дамытуда, оларды жақсы, үлгілі істерге баулуда маңызды рөл атқарады. Мысалы, жаңылтпаштар баланың тілін ұштай түсіп, оның кекештенбей, тұтықпай, еркін, жатық, асықпай, қысылмай сөйлеп үйренуіне көмектеседі. Жаңылтпаштардың әсіресе тілдері жаңа шығып, енді ғана еркін сөйлей бастаған балалар үшін мәні ерекше болады. Жаңылтпаштарға мән беріп оқысақ, ата-бабамыз қазіргі кезде маман логопедтер анықтаған, айтуға қиын дыбыстарды айтып үйренуге арналған жаңылтпаштарды да көптеп ойлап шығарған екен. Мысал ретінде бірнешеуін береміз, алайда баламен толық қанды жұмыс жасау үшін кішкентай балаларға арналған көркем әдебиеттермен жете танысыңыздар.

Қарамайлы қарағайды,
Кесейін бе, кеспейін бе?
Қазықтағы қара тайды
Шешейін бе, шешпейін бе?

Шуақтаған ботамды
Шуға апарып шудаладым.
Шудалаған шудасын
Суға салдым.
Судан алдым.
Суға малдым.

– Бұл қай арал?
– Қарғалы арал.
Қамыс басын қайырып
Қарға ұялар.

Ара, ара, аралар,
Орман бойын аралар.
Гүлдерден сорып, бал алар,
Алысқа ұшып бара алар,
Бал тәтті ғой, балалар!

**Қазақ халқының ұлттық ойындарының баланың сөйлеу тілінің дамуына тигізер әсері**

Қазақ халқының мәдени мұраларға бай халық екендігіне сөз жоқ. Ұлттық ойындарды да сондай бір қомақты дүниелер қатарына жатқызамыз. Ұлттық ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырған көне халықтың дәстүрлері, шаруашылық мәдениеті, өмір тіршілігінің жиынтық белгісі болған. Әрине, ойын өнер ретінде әдебиет пен мәдениеттің сан алуан түрлерімен қабысып, астасып келіп, бірін-бірі толықтырып байыта түседі.

Этнограф-ғалымдардың зерттеулеріне жүгінсек, қазақтың ұлттық ойындары аңға, малға байланысты, алуан түрлі заттармен ойналатын, зеректікке, ептілік пен икемділікке, батылдыққа баулитын ойындар деп бірнеше түрге бөлінеді. Қайсыбір ғалымдар қазақ халқының ұлттық ойындары түрінің жүзден асып жығылатынын айтады. Мұның өзі

қазақ халқының ежелден-ақ айрықша дарынды әрі білімді болғанының дәлелі. Тағы бір ерекшелігі, ұлттық ойындардың, әсіресе, балаларға арналған түрлері әдетте өлеңмен «өрнектеліп» те отырған. Демек, халқымыз ұлттық ойындар арқылы жас жеткіншектерді өмір сүруге дағдыландырып, қиындыққа төзе білуге, қиын сәттен жол таба білуге машықтандыруды басты мақсат еткен. Сондықтан да баланың бойында ана тілін, ата-баба салтын бойына сіңірген, оны қастерлей білетін азамат өсіруде ұсынатын ең басты құралымыз – ұлттық ойындар. Жас бала ойын арқылы дүниені танып, түсінігі арқылы қабылдап, ересектерге еліктей жүріп үйренеді, өз бойына қабылдайды.

Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен бірге баланың дене дамуына да сөйлеу тілінің дамуына да тигізетін пайдасы зор. Мысалы, кішкентай балалармен ойнауға болатын «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың саусақ қимылын дамытуға, сөйлеу тілінің қалыптасуына, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады. Баланың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң көңілді де мейірімді дауыспен баланың бас бармағынан бастап кішкентай саусаққа дейін саусақтардың атын атай отырып (басбармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек), бір-бірлеп ашады Қайтадан саусақтарын жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап:

Сен тұр қойыңа бар,
Сен тұр түйеңе бар,
Сен тұр жылқыңа бар,
Сен тұр сиырыңа бар.
Сен кішкентай әлі жас екенсің,
Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр, – деп 5 саусақты түгел жазады.

Енді сұқ саусағымен:
Қуыр-қуыр, қуырмаш,
Балапанға бидай шаш,
Әжең келсе есік аш,
Қасқыр келсе мықтап бас, – деп баланың алақанын қытықтайды.

Осыларды істеп бола беріп:
Мына жерде қой бар,
Мына жерде жылқы бар.
Мына жерде жылқы бар,
Мына жерде түлкі бар,

– деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп, ең соңында, мына жерде күлкі бар, – деп, қылтығынан сәл ғана қытықтайды.

Бір ғажабы ұлттық ойындарға ой салсаң, ойындар балалардың жан сұлулығын да, тән сұлулығын да жан-жақты жетілдіруге бағытталғанын байқауға болады. Өзгені былай қойғанда жан-жануарлар қалай дыбыстайды, іс-әрекеттерді қалай жасайды, оларды тілімізде қалай айтады дейтін танымдық, тілдік маңызы зор мәселелерді «Қалай айтуды білесің?» ойыны арқылы балаға түсіндіруге болады.

Әтеш – шақырады.

Есек – бақырады.

Күзен – шақылдайды.

Бақа – бақылдайды.

Шыбын – ызылдайды.

Шіркей – ызыңдайды, – деп солардың қалай дыбыстайтынын баламен бірге қайталайды. Әр түрлі қарқында, әр түрлі көңіл күймен айтылған бұл ойын балалар үшін өте қызықты болады.

# ҚОРЫТЫНДЫ

## 1. ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАНЫҢ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ДАМУЫНА ҚАЖЕТТІ ТАЛАПТАР

Ертеректе ата-анаға педагогикалық білімнің негізгі қағидаларын білулері де жеткілікті болатын. Ал қазіргі заман талаптарына сәйкес ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі өзекті мәселе болып табылады. Әлемдегі қарқынды заманауи өзгерістер балалардың өздеріне де жылдан-жылға өсіп келе жатқан өзіндік талаптарды қоюда. Бала балабақшаға және мектепке барғанда белгілі бір білім деңгейін, дағдылар мен икемділіктерді меңгеруге тиісті. Соңғы жылдары ата-аналарды баланы қалай дұрыс та нәтижелі дамытуға, оқытуға болатыны туралы ойлар жиі толғандыруда. Олармен қалай ойнау керек, бала неге қабілетті, оның «білімге деген құштарлығы» қандай деген сұрақтар туындауда. Бала толыққанды жеке тұлға болып өсуі үшін оның «білімге құштарлығы» сауатты түрде жан-жақты қанағаттандырылуға тиісті. Бұл жанұялық білім беру баланың эмоциялық саласын қана емес, сондай-ақ зерде даму саласын да дамытуды қанағаттандыруға тиісті. Қазіргі кезде қалаларда ерте жастан дамыту, сонымен бірге жүктілікті бақылау орталықтары көптеп ашылуда.

Алайда бала дүниеге келгеннен кейін, оған қамқорлық көрсетудің ауыр жүгі әдетте анасына түседі. Сол себепті жас ана бір нәрсеге үйренгісі келгенімен, уақытының тапшылығынан қандай да бір орталықтарға барып, өзін ойландырған, мазалаған мәселелер туралы білуге, сұрауға уақыты жетпейді. Сол себептен де біздің зерттеу жұмысымыз әр түрлі себептерге байланысты арнайы курстарға, дәрістерге баруға мүмкіндіктері жоқ, алайда баланың даму ерекшеліктері, оларға қалай көмектесу керектігі туралы білгісі келген оқырмандарға арналған.

Бұл жұмыстың мақсаты ерте жастағы баланың сөйлеу тілінің дамуын және оның қалыптасуындағы ересек адаммен қарым-қатынастың маңызын анықтау, сонымен бірге ата-аналарға баланың дамуы, оның ішінде сөйлеу тілінің дамуына көмектесетін бағыт-бағдар беру. Бұл мақсат төмендегі міндеттерді шешуді талап етті:

1. туылғаннан 3 жасқа дейінгі баланың сөйлеу тілінің даму кезеңдері, ерекшеліктері туралы жалпы мағлұмат беру;

2. баламен ата-ананың арасындағы қарым-қатынастың баланың сөйлеу тіліне әсерін анықтау;

3. ұлттық тәрбиенің мәні мен маңызын ашып көрсету.

Педагогикалық, психологиялық әдебиеттерді талдау барысында баланың сөйлеу тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруінің негізгі үш кезеңі болатыны тұжырымдалды:

1. Дайындық кезеңі (сөйлеу тіліне дейінгі қарым-қатынас).

2. Сөйлеу тілінің пайда болу кезеңі.

3. Қарым-қатынастық сөйлеу тілінің даму кезеңі.

1. Дайындық кезеңі баланың өмірінің бірінші жылын қамтиды. Бұл кезеңде балада сөйлеу тілдік қарым-қатынастың екі түрі қалыптасады:

а. жағдаяттық-жеке тұлғалық түріндегі баланың ата-анасымен қарым-қатынасқа деген қажеттілігінің мазмұны ересек адамның балаға көңіл аударуына тәуелді болады.

ә. жағдаяттық-іскерлік түріндегі баланың қарым-қатынасқа деген қажеттілігінің мазмұнына әрекеттің жаңа түрі, яғни затпен әрекеттену қосылады.

Ерте жастағы балалардың ересек адамдармен қарым-қатынастарын бақылау барысыда жаңа туылған баланың есту қабілеті сөйлеу тілдік дыбыстарды жақсы ажырата алмайтыны, бұл қабілеттің ересек адммен қарым-қатынас барысында ғана дамитыны туралы тұжырымдадық. Бала бұл кезеңде оған айтылған сөздің мағынасын әлі де түсінбегенімен, айтылған интонацияны жақсы ажыратады. Ересек адамның балаға деген сүйіспеншілігі мен мейірімділігі балада жақсы көңіл күй тудырады, ал жағымды эмоция баланың өмірлік күш-қуатын жоғарылатады, ал ол барлық атқарымдарын, оның ішінде сөйлеу тілін дамытуды белсендіреді.

2. Сөйлеу тілінің туындау кезеңі әдетте бала өмірінің бірінші жылының соңынан екінші жылының екінші жартысын қамтиды. Бұл кезеңде ересек адамдардың сөйлеу тілін түсінуі мен алғашқы вербалдану пайда болады.

Бұл жағдайда ересек адам мен баланың арасындағы жеке өзара әрекеттенудің маңызы үлкен болады. Балалар объектіні және оның сөздік белгісін бір-бірімен байланыстыра меңгереді. Бұл кезең сөйлеу тілдік дыбыстарды белсенді пайдалану кезеңі, яғни былдырдың интонациясы мен анықтығы түсінікті болады. Бұл жерде эмоциялық қатынас, дауыстық қатынас, сондай-ақ бірлескен әрекет барысындағы қатынас маңызды болады.

Зерттеу жұмысы ерте жастағы баланың ерсек адамның оған назар аударуы мен мейірімділігінен басқа, онымен серіктестікке деген қажеттілігінің болатынын көрсетті. Бұндай серіктестікке балаға күнделікті көрсетілетін қарапайым көмек жатпайды. Балаға ересек адамның практикалық әрекетке баламен бірге қатысуы, онымеен бірге әрекеттенуі жатады. Ересек адаммен арадағы бұндай серіктестік сөйлеу тілінің ерте пайда болып, дамуына көмектеседі.

3. Сөйлеу тілдік қарым-қатынастың даму кезеңі. Бұл кезең алғашқы сөзден бастап мектепке дейінгі жастың соңына дейін қамтиды. Бұл кезде сөйлеу тілдік қарым-қатынастың мазмұны өзгереді, оның түрі қайтадан құрыла бастайды, яғни ол қарым-қатынас ойын барысындағы жетекші әрекет ретінде жағдаяттан тыс-тұлғалық бола бастайды. Бұл жастағы балалар ересек адаммен өзара түсіністігіне және араласуына зәуір болады, себебі оның ойы мен бағасының ересек адаммен сәйкес келуі баланың өзі туралы жағымды көзқарасын, пікірін жоғарылатады.

Баланың сөйлеу тілін меңгеруі оның еркін тәртібіне қадам басуына, яғни ол енді өз тәртібін көру арқылы ғана емес, сондай-ақ ересек адамның сөздері арқылы басқара бастайды. Зерттеу жұмысы барысында жүргізілген бақылау және тәжірибе жұмыстарының нәтижесінде сөйлеу тілдік есту қабілетін дамыту балаға көптеген сөздерді түсінуге және көптеген заттардың атауын білуге мүмкіндік беретіні, сондай-ақ олардың енджер сөйлеу тілін меңгеруі және белсенді сөйлеу тілін пайдалануы ерсек адамдармен қарым-қатынасқа тікелей тәуелді болатыны туралы тұжырымдама жасадық. Ата-ана балаға қаншалықты көңіл аударса, қаншалықты дамыту ойындарын пайдаланса, сондай-ақ баланың назарын айналасындағы заттарға аударып, олар туралы жан-жақты әңгімелеп берсе бала да соғұрлым көптеген жаңа сөздер мен атауларды есінде сақтайды, ал бұл оның сөздік қорының дамуына бірден-бір жағымды әсер етеді.

Берілген жұмыстың тағы да бір басты мақсаты – ол ата-аналарды баланың сөйлеу тілінің қалыптасу ерекшеліктерімен, оны дамыту әдіс-тәсілдерімен, сондай-ақ дұрыс айтылмаған дыбыстарды түзетудің кейбір жолдарымен таныстыру. Ата-аналарға дайындықты қажет етпейтін, баламен кез келген жағдайда, жерде өткізуге болатын жаттығулар мен ойындарды ұсыну. Сөйлеу тілдік қарым-қатынаста адам сөйлеуші, тыңдаушы ретінде қатысады, сондықтан әдетте сөйлеу тілінің белсенді (айту) және енжар (қабылдау және түсіну) екі жағын ерекшелейді. Сөйлеу тілдік аппараттың көмегімен айтылады, ал ауызекі сөйлеу тілді

есту арқылы қабылдайды. Айналасындағы адамдардың айтқандарын қабылдау мен түсіну ерте қалыптасады, сондықтан баланың енжар сөздік қоры үнемі белсенді сөздік қорына қарағанда мол болады.

Сонымен баланың сөйлеу тілінің ерте дамуы, сондай-ақ баланың коммуникативтік әрекеттенуінің нәтижелілігі ересек адамның баламен қарым-қатынасының қарқынына тәуелді екені туралы біздің болжамымыз толық дәлелденді деп айтуға болады.

Сауалнаманы пайдалану ерте жастағы балалардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмыс тәсілдерінің біреуі, онымен жұмыс, сауалнаманың нәтижесін талдау барысында шыққан тұжырымдама ата-анаға баламен қарым-қатынасты, сөйлеу тілін дамытудың тиімді жолын таңдауға және оның әрекетін басқаруға, ерте жастағы баланың жетекші әрекеті болып саналатын ойынға деген ата-ананың көзқарасын өзгертуге көмектеседі, сонымен бірге саулнама ата-ананың баланың сөйлеу тілінің дамуында туындауы мүмкін мәселелер туралы қаншалықты білетіндігінің деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Ата-аналарды өзінің баласын жалпы дамытуға, оның ішінде баланың сөйлеу тілін дамытуға қатыстыруға тарту үшін олардың бұл мәселеге деген көзқарасын, олардың мамандармен серіктестікке ұмтылыстарында қандай уәждерді басшылыққа алатынын білу маңызды болады. Осы кітапта түзету педагогикасының ұлттық ғылымипрактикалық орталығындағы оңалту орталығына келетін ерте жастағы даму мүмкіндіктері әр түрлі балалардың, сондай-ақ балалары қалыпты дамыған балалардың ата-аналарының ерте жастағы балалардың сөйлеу тілінің қалыптасуын, дамуын бақылауға қатысуға деген ынтасын, дайындығын зерттеу мақсатында жүргізілген сауалнаманың нәтижесі берілген.

Тәжірибеге ерте жастағы 8 баланың ата-анасы қатысты.

Ата-аналарға ұсынылған сауалнама ерте жастағы балада дыбыстардың, алғашқы сөздердің пайда болуы уақыттарын, айтылған сөзге деген әсері мен жауаптарын, оларды түсінуін, баланың сөйлеу тілінің даму деңгейін, сөздік қорын, сондай-ақ ата-аналардың баласының дамуына қаншалықты назар аударатынын анықтауға бағытталған. Сауалнаманың нәтижелері жанұя мүшелерінің баланың сөйлеу тілін дамытуға қатысты әрекеттерін, бағыттары мен міндеттерін анықтауға, оларда баланы дамытуға, әлеуметтендіруге қажетті дағдыларды қалыптастыруға, баламен өзара әрекеттенуге деген жаңа тәсілдерді меңгеруге байланысты туындауы мүмкін қиындықтардың алдын алуға және жеңуге қатысты ата-аналарға қажетті көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ са-

уалнама баланың дамуында болып жатқан жағдайлардың (тұрмыстық, түзімдік сәттердің, үй жағдайындағы баланың белсенділігі және т.б.) сапасын анықтауға көмектеседі.

Сауалнаманы талдау 8 ананың жетеуінің жоғары білімі, бір ананың арнайы орта білімі бар екенін көрсетті.

Сауалнама нәтижесін талдағанда екі жастан үш жасқа дейінгі қалыпты дамыған балалардың 90%-ының күнделікті тұрмыста қолданылатын сөздердің басым көпшілігін айтып, түсінетіндері анықталса, ал дамуында әр түрлі бұзылыстары бар балалардың тек 40%-ында ғана белсенді сөйлеу тілінің дамығаны байқалды. Алайда зерттеу жұмысына бөлінген уақыттың аздығына және толық қазақ тілді ата-аналарды табу, сондай-ақ оларды осы жұмысқа тарту барысында кездескен қиындықтарға байланысты сауалнама толық көлемде пайдаланылды деп айтуға болмайды. Сонымен бірге, ата-аналармен жүргізілген сауалнаманың нәтижелерін талдау және олармен әңгімелесу негізінде ата-аналардың балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша білім алуларының маңыздылығына баса назар аудару керектілігі анықталды. Қосымшада берілген ата-аналарға арналған сауалнаманы ерте жастағы балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейін анықтау мақсатында практик мамандар да ата-аналар да пайдалана алады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аксарина Н.М. Воспитание детей раннего возраста / Н.М. Аксарина. - М.: Медицина 2007. - 304с.

2. Алямовская В.Г. Ясли – это серьезно. – М.: ЛИНКА-ПРЕСС, 1999.

3. Антакова-Фомина Л. В. «Стимуляция развития речи у детей раннего возраста путём тренировки движений пальцев рук» (Тезисы докладов 24-го Всесоюзного совещания по проблемам ВНД), М.

4. Выготский Л.С. Детская речь / Л.С. Выготский. – М.: Педагогика, 2006.

5. Выготский Л.С. Мышление и речь. – Н., 1982.

6. Денсаулық энциклопедиясы. – Алматы, 2007.

7. Қалиев С., Оразаев М., Смайлова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері.– Алматы, Рауан, 1994.

8. Қалиев С. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі. Алматы: Мектеп, 1987.

9. Қалиев Қ. Этнопедагогика. Астана, 2003.

10. Мать и дитя: от беременности до трех лет или Мы ждем ребенка\ Г.М.Савельева мен В.А.Таболинаның редакциясымен. М.: РИПОЛ КЛАССИК, 2003.

11. Мещерякова С.Ю., Авдеева Н.Н. Вы и младенец. М., 1991, 21-45-б.

12. Мизамхан Ж. Халық ойындары. Өлгий, 1982.

13. Сүлейменова Р.А. Система ранней коррекционной помощи детям с ограниченными возможностями в Казахстане: проблемы создани и развития, Алматы, 2001.

14. Щелованов Н.М. Диагностика развития детей раннего возраста. – М.: Эксмо, 2005. – 15-19-б.

15. Эльконин Д.Б. Детская психология. М., 1960.

# ҚОСЫМШАЛАР

***№1-қосымша***

## ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР МЕН ЖАТТЫҒУЛАР

Ми қабатында қимыл-қозғалыс пен сөйлеу тілі аймақтары жақын орналасқандықтан, бала саусақтарын қаншалықты көп қимылдатса, оның сөйлеу тілінің де соншалықты ерте дамитынын естен шығармаған жөн. Сөйлеу тілі қол саусақтарынан жететін импульстардың әсерінен белсенді түрде дамиды. Яғни баланың сөйлеу тілінің дамуының деңгейі мен қарқыны оның саусақтарының қимылының қаншалықты дамығанына тікелей тәуелді болады екен [3]. Кітапта берілген ойындар мен жаттығулар сөйлеу тілін дамытуға ғана көмектесіп қоймайды, сонымен бірге олардың басым көпшілігі баланың қоршаған заттар туралы түсінігін кеңейтеді, ойлау, есте сақтау және қабылдау қабілеттерін дамытады.

Баладан қандай да бір тапсырманы орындауды талап еткенде, ең алдымен баланың берілген тапсырманы түсінгеніне көз жеткізіңіз, тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндіріңіз. Ойындар мен жаттығулардың күрделілік деңгейлері әр түрлі болғандықтан, алдымен балаңызбен одан жасы кішкентай балаларға арналған ойындар мен жаттығуларды қайталап көріңіз. Мысалы, балаңыз үш жаста болса, онда 2 жастағы балаларға арналған ойындар мен жаттығуларды орындауды ұсыныныңыз. Ойындар мен жаттығуларды баланың жасы мен даму ерекшеліктеріне қарай жеңілдетуге де, күрделендіруге де болады. Сондай-ақ, берілген ойындардың ішінен өзіңіздің қалауыңызға қарай таңдап алуыңызға да болады. Кішкентай балаға қаншалықты жиі назар аударып, оны ойынға тартсаңыз, соншалықты оның дамуына көмектескеніңіз болып саналады. Ерте жастағы баланың өміріндегі әрбір күн, әрбір сағат оның дамуы үшін маңызды екенін ұмытпаңыз. Сол себептен, құрметті ата-аналар, балаңыздың тілінің ерте шығуы үшін әрбір сәтті тиімді пайдалануға тырысыңыздар.

## Асүйдегі ойындар

Асүйде тамақ дайындағанда, balаңыздың да пайдалы әрекетпен айналысуы үшін бірнеше ойын түрлерін ұсынамыз:

1. Тәрелкедегі жарма. Үлкен жалпақ тәрелкеге жарманың екі-үш түрін салыңыз. Бала оларды қолымен ұстап, бір-бірімен салыстырсын, сол кезде сіз олардың қайдан келетінін және қалай пайдалану (мысалы, ботқа пісіреді) туралы әңгімелеп беруіңізге болады.
2. Қатырмақағаздың, пластиктің бетіне ермексазды жұқалап жағыңыз. Әр түрлі тәрелкелерге қарақұмық, күріш, бұршақ салыңыз, содан кейін жарманы ермексазға батыра отырып, оюды қалай жасауға болатынын көрсетіңіз. Бала 10-15 минуттай уақыт алданып отырады.
3. Ең тәтті ойын – түсі, пішіні және дәмі әр түрлі болатын мейіздердің, жаңғақтардың бірнеше сұрпын араластырып беріңіз. Ол дәмін көре отырып, біраз уақыт алданады.
4. Қақпақтары бар әр түрлі сауыттарды аламыз. Бала сауытқа келетін қақпақ таңдайды. Қақпақтардың көлемі әр түрлі болса, баланың таңдауына жеңіл болады. Қақпақтар киілетін, бұралатын да болуы мүмкін. Бала қақпақты жапқан кезде саусақтарын жаттықтырады, қолдың ұсақ қимылдарының дамуын жетілдіреді.
5. Тәрелкеге аздап жеміс шырынын құйыңыз. Балаға бірнеше қант кесегін (рафинад) беріңіз. Бала қантты шырынға салып, шырынның біртіндеп жоғары көтерілетінін және боялатынын бақылайды.
6. Баланың алдына екі кесе қойыңыз. Біреуіне жарма салыңыз екіншісі бос болсын. Балаға жарманы бір кеседен екінші кесеге қасықпен қалай салуға болатынын көрсетіңіз. Кеседегі жарма аз қалған кезде, балаға оны сәл еңкейтсе, жарманы алуға ыңғайлы болатынын көрсетіңіз.
7. Балаға кішкентай ыдыс, тамызғы мен су беріңіз. Қызықты болу үшін суды шырынмен сәл бояуға болады. Бала суды тамызғымен алып кішкентай ыдысқа тамызады. Бұл қолдың ұсақ қимылын дамытуға және зейінді шоғырландыруға көмектеседі.
8. Жалпақ ыдысқа манканы немесе басқа жарманы салуды ұсынады. Бала жарманың бетінде саусақпен әр түрлі сурет салсын. Балаға шаршының, ромбиктің, дөңгелектің суретін салып көрсетіңіз. Бала бұл тапсырманы жақсы орындап үйренгеннен кейін оны күрделендіріңіз. Мысалы, басқа түсті жармадан ақ түсті жол салыңыз. Баланың сұқ саусағы мен бас бармағын біріктіріп, шымши

ұстау дағдысын қалыптастырыңыз. Бұл дамыту ойыны баланың ұсақ қимылын, қиялын және ойлау қабілетін дамытады.

9. Балаға қамырдың кесегін ұстатыңыз. Ол өзінің ұсақ қимылын дамыта отырып, әр түрлі қимылдарды орындайды.

10. «Моншақ тіземіз» дамыту ойыны. Тесігі үлкен макарондар мен бау қажет болады. Баланың міндеті макарондарды бауға тізу.

## Баланың сөйлеу тілдік дағдыларын белсендіруге көмектесетін саусақ қимылын дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар

Бастапқыда баланың қолын ұстап тұрып, өлеңді әндете отырып, әрбір саусағын кезекпен ашады. Кейіннен бала бұл жаттығуды өзі де орындай алады. Бұл ойын баланың ойлау қабілетін дамытады, ол әрбір саусақтан қандай да бір бейнені көреді. Өлең сөзін жанұя мүшелерінің құрамына қарай өзгеруге болады:

Бір үйде біз нешеуміз?
Кел, санайық, екеуміз.
Бас бармағым – атам,
Балан үйрек – әжем,
Ортан терек – әкем,
Шылдыр шүмек – анам,
Кішкентай бөбек – мен!
Енді екеуміз бірге қайталап айтайық.

**«Қонақ келді» ойыны.** Саусақтардың басын (оң, сол қолдың, бір мезгілде екі қолдың) үлкен бармаққа тигізеді.

– Апа, апа!
– Қонақ келді!
– Сәлем, Сәлем!
– Бұл не?
– Базарлық.
– Бетіңнен сүйдім (ернімен сүйгендей әрекет жасайды).

**«Гүл ашылды» ойыны.** Түйілген жұдырықтан саусақтар кезекпен «пайда болады».

**«Сақина» ойыны.** Саусақтарды сұқ саусақтан бастап, барлық саусақтарды кезектестіре отырып, бас бармақпен сақина тәрізді етіп біріктіреді.

**«Құлақ-мұрын» ойыны.** Сол қолмен мұрынның ұшын ұстайды, оң қолмен қарама-қарсы құлақты ұстайды, содан кейін екі қолды бір мезгілде түсіріп, қимылдарды керісінше орындайды.

**«Саусақты биялай киеміз» ойыны.** Алдымен оң қолдың үлкен және сұқ саусақтарымен сол қолдың әрбір саусағын жоғарыдан төмен қарай сипайды, содан кейін бұл қимылды оң қолдың саусақтарымен де орындайды. Ойын соңында алақанын уқалайды.

**«Көбелек» ойыны.** Саусақтарды жұдырыққа түйеді, содан кейін кішкентай саусақтан бастап кезектестіре отырып, аты жоқ саусақты және ортаңғы саусақты көтереді, ал сұқ саусақ пен бас бармақты сақина тәрізді етіп біріктіреді. Түзуленген саусақтарды «қанат сияқты етіп қағады».

Сөйлеу тілін дамытуға ұсынылып отырған бұл ойындар ата-ана үшін қолжетімді, балалармен бір мезгіл осындай дамыту ойындарын ойнау арқылы өз балаңыздың тілінің дер кезінде шығуына көмектесесіз. Баланы жуындырғанда да киіндіргенде де саусақтарымен ойнауды жалғастырыңыз. Балаларға қызықты болу үшін әрбір саусаққа баланың жақсы білетін ертегісінің бір кейіпкерінің атын беріп ойнауға болады. Саусақ қимылдарын сөздік сүймеледеуімен орындау да бала үшін қызықты болады. Сөз сөйлеу ырғағы, әсіресе тақпақ-өлең ырғағы қимыл-қозғалыстың үйлесуін жақсартады, сондай-ақ өлең оқу арқылы дем алудың дұрыс қарқыны қалыптасады, есту-сөйлеу тілі қабілеті дамиды. Мысалы,

Бізде қанша адам бар?
Алдымда:
Әкем, анам.
Екі саусақ бүгіңдер.
Алдыма:
Әпкем, көкем,
Білмесеңдер, біліңдер,
Тағы саусақ бүгіңдер.
Кіп-кішкентай күні бар.
Әкемменен анамның
Кішкентай саусақ мен өзім.
Қанша болдық бәріміз?

**Жаттығулар**

**1-жаттығу.** «Шаш өру» – үш баудан (бір түсті немесе түстері әр түрлі) бұрым өру.

**2-жаттығу.** «Қағаз» – қағаз бетін умаждау, жазу, бүктеу, орау.

**3-жаттығу.** «Боя» – ересек адамның немесе баланың салған суретін бояу.

**4-жаттығу.** «Резенке ойыншық» – резенке ойыншықты қысу, босату қимылдарын орындау.

**5-жаттығу.** «Моншақтар» – түстері әр түрлі ірі моншақтарды, түймелерді жіпке тізу.

**6-жаттығу.** «Көбелек» – бос бүріккішті қысып, ауа ағынын кішкентай мақта шөкіміне қарай бағыттау.

**7-жаттығу.** «Сиқырлы дорба» – бала дорбаның ішінде жатқан ұсақ ойыншықтарды, көкөністер мен жемістердің нақпішіндерін қолымен сипап атайды, содан кейін дорбадан алып шығып, атауын нақтылайды.

**8-жаттығу.** «Мозаика» – ірі мозаикалардан үлгі бойынша өрнектер, заттардың бейнесін салу.

**9-жаттығу.** «Қарындаш» – қабырғалы қарындашты алақанның ортасында, үстел үстінде алдымен бір қолдың алақанымен, содан кейін екі қолдың алақанымен домалату.

**10-жаттығу.** «Құрастыру» – кез келген материалды пайдаланып, әр түрлі құрылыстарды салу.

**11-жаттығу.** «Сал-шеш (ағыт)» – көлемі әр түрлі, сабақты түймелерді салу және ағыту.

**12-жаттығу.** «Жіптер» – түстері мен жуандығы әр түрлі жіптерді бір шарғыдан екінші шарғыға орау.

**13-жаттығу.** «Илеп жасау» – ермексазды, саздың кесегін жұмсарту, алақанның ортасында домалату, үстел үстінде есу.

**14-жаттығу.** «Байла-шеш» – қалыңдау матадан жасалған екі жолақпен ойыншықты айналдырып байлау, содан кейін шешу.

## Сөйлеу тілдік тыныс алуды дамытуға арналған ойындар

### Қаршықтар

Балаға кішкентай түтілген мақтаны беріңіз. Балаға: «Бұл қаршық. Егер жел тұрса, ол ұшады», – деңіз. Алақанға салынған мақтаға үрлеңіз, балаға да мақтаға үрлеуді ұсыныңыз. Баланы мұрын арқылы тыныс ала отырып, ернін дөңгелете, аузымен жайлап соза үрлеуге үйретіңіз. «Қаршықтардың» қайсысының ұзақ, биік және төмен ұшқанын салыстырыңыз.

### Жел

Жасыл қағаздан 5-10 жіңішке жолақтарды кесіп алып, қарындашқа немесе қатырма қағазға ағаш сияқты болатындай етіп желімдеңіз. Балаға «ағашқа» қарауды ұсынып, қазір «жел» тұратынын ескертіңіз.

Үрлеңіз де баланың зейінін «жапырақтардың» тербелгеніне аударыңыз. Балаға да үрлеуді ұсыныңыз. Баламен бірге «желдің» қандай болғаны туралы талдаңыз.

**Көбелек**

Түсті қағаздан көбелекті кесіп алыңыз да жіпке бекітіңіз. «Көбелек» ұшатындай етіп, оған үрлеңіз. Балаға көбелекті қозғалтуды ұсыныңыз, көбелек ұзақ уақыт ұшуы үшін қалай үрлеу керектігін үйретіңіз. Бұл ойынды күрделендіруге болады. Ол үшін бірнеше жіпке көлемі әр түрлі көбелектерді бекітуге болады. Көбелектің орнына ұшақты, зымыранды және т.б. пайдалануға болады.

**От**

Жанып тұрған майшамды өшіп қалмайтындай, ақырындап қана үрлеңіз. Балаға да солай үрлеуді үйретіңіз. Майшам өшіп қалмауы үшін ақырындап, жеңіл ғана үрлеу керектігін ескертіңіз.

**Гүлді искейміз**

Балалар жиі жағдайда тыныс алу мен ауа шығаруды, сондай-ақ ауызбен және мұрынмен тыныс алуды шатастырады. Сондықтан тыныс алу үшін гүлді искеңіз де, ауаны «а» деп дыбыстай отырып шығарыңыз. Балаға да соны қайталауды ұсыныңыз.

**Қолыңды жылыт**

Баламен бірге қолды аузына тақап, мұрынмен тыныс алып, ауаны ауыз арқылы шығарыңыз.

**Ит**

Балаға ыстық болғанда иттің қалай тыныс алатынын көрсетіңіз (тілін салақтатып, аузын ашып дем алады). Балаға да соны қайталауды ұсыныңыз.

**Бақбақ**

Гүлдеп болған бақбақты жұлып алып, барлық үлпілдектері ұшып кеткенше үрлеуді ұсыныңыз. Бала гүлге 3-4 рет үрлесін. Баланың ауаны ішке тартпай, ұртына жинауын қадағалаңыз.

**Дауыл**

Балаға түтікше беріп, стақандағы суға ақырындап үрлеуді ұсыныңыз. Баланың зейінін судағы толқындар мен дауылға аударыңыз.

**Капитан**

Легенге су құйып, ішіне қағаздан жасалған қайықты жіберіңіз. Баланы ұртын толтырмай, ернін түтікше етіп, алға қарай соза үрлеуге үйретіңіз. Біркелкі үрлеген кезде қайық су бетімен жайымен жүзеді. Балаға қатты жел тұрды деп, қайыққа қарай қатты үрлеңіз. Балаға қайыққа үрлей отырып, оны белгілі бір жерге апаруға көмектесіңіз.

## Дауыс күші мен сөйлеу тілінің қарқынын дамытуға арналған ойындар

**Қатты-ақырын**

Көлемдері әр түрлі жұптас ойыншықтарды (дауыстарын қайталауға болатын үлкен және кішкентай иттер, мысықтар, даңғаралар және т.б.) дайындап алыңыз. Балаға екі итті көрсетіп: «Үлкен ит қатты үреді. Ав, ав! Үлкен ит қалай үреді?» – дейді. Бала үлкен ит сияқты қатты үруге тырысады. Енді апасы кішкентай итті көрсетіп: «Кішкентай ит ақырын үреді. Ав-ав!» – дейді. Балаға иттердің әр түрлі үретінін еске түсіре отырып, ойыншықтарды кезекпен көрсетіңіз де сол ит сияқты үруді өтініңіз.

**Шақыр**

Алдын ала ойыншық аю, қоян, тиіндерді дайындап қойыңыз. Оларды баладан 2-3 метр қашықтыққа орналастырып, ойыншықтарды шақыруды өтініңіз. Алдымен өзіңіз қалай шақыратыныңызды айтып көрсетіңіз. Бала айғайлаймай, қатты дауыспен шақырғанын бақылаңыз.

**Қуыршақ ұйықтап жатыр**

Алдын ала көзі жабылатын қуыршақты, ойыншық кереуетті, ұсақ ойыншықтарды (текше, доп) және ойыншықтарды салуға болатын қорап дайындаңыз. Қорапты қуыршақ жатқан кереуеттің жанына қойып, ойыншықтарды қуыршақты оятып алмайтындай, ақырын ғана жинауды ұсыныңыз. Бала қорапқа салатын ойыншығын ақырын ғана атайды.

**Қорыққан балапан**

Алдын ала ағаш, дуал, құс, балапан, мысық бейнеленген суреттерді немесе көлемі әр түрлі ойыншықтарды дайындап алыңыз. Балаға жануарлар мен құстардың қалай дыбыстайтынын қалай еститініңізді айтып, баладан олар сияқты дыбыстауды өтініңіз. Ағаш басында балапан отыр. Дуалда отырған мысық оны көріп: «мяу-мяу», – деді. Балапан қатты қорқып: «пи-пи», – деп шиқылдады. Балапанның дауысын естіген құс ұшып келіп, оның жанына отырып: «пи-пи», – деп шиқылдап, мысықтан қорықпайтынын білдірді. Мысық пен құстың дыбыстағанын айтқанда дауыстың қаттылығын, қарқынын және интонациясын түрлендіріп айтуға үйретіңіз.

**Қатты жел**

Алдын ала біреуінде желдің шөпті, екіншісінде ағашты тербелткені бейнеленген екі суретті дайындап қойыңыз. Балаға: «Ақырын ғана соққан самал жел соғып шөпті тербетті. У-у-у (ақырын және соза)», –

деп суретті көрсетіңіз. «Кенеттен қатты жел соғып кетті. У-у-у (қатты және соза)», – деп екінші суретті көрсетіңіз. Баланың дауыс күшін бақылай отырып, оны желдің қалай соғатынын дыбыстауға үйретіңіз.

## Балалардың ұсақ қимылын дамытуға арналған ойыншықтар

1. Баулықтау ойыншығы – көптеген ойындарды ойластыруға мүмкіндік береді.

2. Ағаштан жасалған пирамидка – ұсақ қимылды, логикалық ойлау қабілетін дамытуға, жаңа пішіндерді, көлемдерді, түстерді меңгеруге көмектеседі. Ағаштан жасалған ойыншықтар жағымды энергия береді, қолға ұстағанда жағымды, жылы сезім тудырады.

3. Текшелер – ұсақ қимыл мен кеңістіктік ойлау қабілетін ғана емес, сондай-ақ зейін мен ойлау қабілеттерін де дамытады.

4. Құрылыс материалдары (конструктор) – кеңістіктік ойлау қабілетін, ұсақ қимылды, шығармашылық қабілетін дамытады.

5. Магнитті пішіндер – ұсақ қимылды, қимыл үйлесімділігін, кеңістіктік ойлау қабілетін дамытады.

6. Пазлдар – зейінді, тапқырлығын, логикалық ойлау қабілетін, көз бен қолдың үйлесімді жұмысын дамытады.

7. Мозаика – баланың ұсақ қимылын, байқампаздығын және шығармашылық қабілетін дамытуға көмектеседі.

## Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілін дамытуға арналған пайдалы кеңестер

Ересек адамдарға сәби жасынан бастап мектепке дейінгі кезеңдегі балалардың сөйлеу тілін жылдам және жеткілікті деңгейде меңгеруіне, сөздік қорын молайтуға, дұрыс сөйлеу тілін қалыптасыруға көмектесетін бірнеше тәсілдерді ұсынамыз.

Баланың туылғанынан бірінші күннен бастап баламен міндетті түрдегі сөйлесу сөйлеу тілінің дамуының бастапқы және маңызды талаптарының және тәсілдерінің біріне жатады. Балалармен қандай да болсын қарым-қатынасқа және іс-әрекетке сөз ілестіріледі. Жанұяда барлық көңіл балаға бөлінеді. Әсіресе бала үшін анасының онымен сөйлесуінің маңызы зор. Бала үшін ана – өмір, махаббат, жайлылықтың, еркелетудің және жеке толғаныстардың көзі. Басқалардың сөздеріне қарағанда анасының айтқан сөздері өте әсерлі болады. Сонымен бірге ерте жастағы баланың сөйлеу тілінің қабылдауы мен дамуына

жанұялық және әлеуметтік тәрбиенің үйлесуі арқылы жағымды жағдай туғызу керек.

**Сөйлеген адамның бет-әлпетін көру.** Баланың сөйлеу тілін табысты дамыту үшін оның есту қабілетіне ғана емес, оның көру және ет сезім арқылы әсер ету керек. Бала ересек адамның сөзін естіп қана қоймай, оны көруі де маңызды. Бала сөйлеу тілін ересек адамның бетінің құбылысын бақылап, оларға еліктей отырып, өздері айта бастайды. Түсінуді дамыту үшін бала затты көріп қана қоймай, қолымен ұстауы да маңызды.

**Әңгіме айту** – баланың сөйлеу тілін дамытудың тиімді тәсілдерінің бірі. Ол балаларға өте ұнайды. Балаларға түсінуге қолжетімді және қарапайым, шағын ертегілерді, тақпақтарды айтады. Өлеңдерді, әңгімелерді балалардың жақсы қабылдауы үшін оларды жатқа айтқан тиімді. Оны тыңдаған балалардың ыңғайлы отыруы, оның бет-жүзін көріп отыруы қажет. Сонымен бірге әңгімелеушінің өзі де балалардың әсерін бақылап отыруы үшін олардың беттерін көріп отыруға тиісті. Балаларға тыңдауға ештеңе бөгет жасамауы керек.

**Суреттерді қарау** – бұл жағдайдағы сөйлеу тілі көрнекі болып, түсінуге қол жетімді болатынындықтан, бұл да сөйлеу тілін дамытудың жақсы тәсілдерінің бірі. Сондықтан әңгіме барысында сурет көрсету немесе сурет бойынша әңгіме айту өте тиімді болады.

**Ойын** – бұл балалардың сөйлеу тілін және ойлау қабілетін дамытудың ең тиімді тәсілі. Ойын балаларға қуаныш, қанағаттану сезімін әкеледі, бұл сөйлеу тілін белсенді қабылдаудың және өздігінен белсенді сөйлеуді ынталандырудың күшті құралы болып есептеледі. Бір қызығы сәл ересек балалар өзімен-өзі үндемей отырып ойнаса, ал ерте жастағы балалар өзінің ойын сыртқа шығарып, айта отырып ойнайды.

**Ойыншықтармен ойнау** – ерте жастағы балаларға ойыншықты тек ойнауға ғана беріп қоймай, онымен қалай ойнау керек екендігін көрсету сөйлеу тілінің және ойлау қабілетін дамытуға көп көмектеседі. Бұндай ұйымдастырылған, сөйлеу тілін ілестіретін ойындар балаларды қызықтыратын және олардың дамуына көмектесетін кішкене қойылымдарға айналады.

**Сөйлеу тілдік материалдарды қайталау.** Балалар ересек адамдардың сөзінен естігендерін есте сақтауға және жатқа айтуға қабілетті. Бұл үшін сөйлеу тілі материалын бірнеше рет қайталау керек. Үлгі ретінде берілетін материалдар:

Пойыз келеді: *ту-ту-ту.*

Балалар айғайлайды: *ау-ау-ау.*

Қоңырау сыңғырлайды: *динь- динь- динь.*
Даңғара тарсылдайды: *там-та-там.*
Кірпі пысқырады: *фу-фу-фу.*
Көкек шақырады: *ку-ку, ку-ку.*
Есек айғайлайды: *иа-иа-иа.*
Бала жылайды: *іңгә-іңгә.*
Жылқы кісінейді: *и-го-го, и-го-и-го.*
Тауық қытқылдайды: *ко-ко-ко.*
Қой маңырайды: *бе-бе-бе.*
Тышқан шиқылдайды: *пи-пи-пи.*

**Музыкамен сүйемелденген декламация және ән айту** балалардың сөйлеу тілін дамытудың маңызды құралдарының бірі. Балалар оларды қызыға тыңдап, музыка естілгенда қайталауға тырысады.

**Балаларға кітап оқу** да олардың сөйлеу тілі мен ойлау қабілетін дамыту құралы болып саналады. Бұл балаларды қызықтырады және оларға ұнайды, кейіннен кітаптарды қарап отырып, оларға оқығандарды жатқа айту арқылы кітапты балалардың өздері «оқи» бастайды. Балалар кейбір қызықты кітаптарды жатқа есте сақтауы мүмкін.

**Балаларды қоршаған ортамен таныстыру** да балалардың сөйлеу тілі мен ойлау қызметін дамытуға көмектеседі. Балалардың назарын оларды қоршаған заттарға және өмірге аудару және олар туралы әңгімелесу өте маңызды.

*№2-қосымша*

# Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілдік және коммуникативтік дамуының тесті:

# СӨЗ ЖӘНЕ ЫМ-ИШАРАТ

## 8 АЙДАН 1 ЖАС 5 АЙҒА ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН

**Құрметті ата-аналар!**

- **Сауалнаманы толтырмас бұрын, бірнеше күн бойы балаңызды бақылаңыз.**
- **Егер балаңыз бір нәрсені айтпаса, ол үшін алаңдамаңыз: әрбір баланың сөйлеу тілдік және коммуникативтік дамуының өз жолы болады.**

| **Бала туралы ақпарат** | **Сауалнаманы толтырушы туралы мәліметтер** |
|---|---|
| Тегі, есімі: | Тегі, есімі, әкесінің есімі: |
| Жынысы: | Балаға кім болып келеді: |
| Туылған датасы (күні, айы, жылы цифрмен жазылады): | Білімі, мамандығы: |
| Жасы (сауалнаманы толтыруды бастаған уақыттағы толық ай саны): | Қала: |
| Бала қандай да бір мектепке дейінгі мекемеге бара ма? | Телефон: |
| Балаңыздың қандай да бір ауруы бар ма?<br>Қандай?<br>Жүктіліктің қай аптасында туылды? | |

**Толтырылу датасы** ________________________________

Бұл сауалнама ерте жастағы баланың сөйлеу тілінің даму деңгейін анықтауға арналған америкалық сауалнаманың (The MacArthur Communicative Development Inventory) орыс тілдік нұсқасының қазақ тіліне бейімделген нұсқасы.

Сауалнаманы 2002 жылы А.И.Герцен атындағы РМПУ бала тілі кафедрасының қызметкерлері америкалық нұсқасының авторлары

Л.Фенсон мен Ф. Дейлдің рұқсатымен орыс тіліне бейімдеген, 2014 жылы А.И.Герцен атындағы РМПУ бала тілі кафедрасының меңгерушісі С.Н.Цейтлиннің рұқсатымен (2013 жылы 27-маусым) қазақ тіліне бейімделді.

# І. АЛҒАШҚЫ СӨЗДЕР

## А. Түсінудің алғашқы белгілері

1. Оны шақырғанда (оның есімін айтқанда) қандай да бір әсері бола ма, мысалы, тыныштала қалады, дыбыс шыққан жаққа қарайды.
2. «Болмайды» сөзіне деген әсері бар ма, мысалы, тоқтайды, бір сәтке болсын тыныштала қалады.
3. «Апаң\әкең қайда» деген сөздерге әсері бар ма, мысалы, жан-жағына қарайды.

## Б. Сөз тіркесін түсінуі

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. Допты лақтыр. Допты (апаңа, маған) лақтыр. | | 14. Қол бұлға (апаңа, әкеңе, ағаңа және т.б.). | |
| 2. Ал. Мә. | | 15. Пока-пока. Сау бол. | |
| 3. Апаңа (шарик, қуыршақты және т.б.) бер. | | 16. Қара. | |
| 4. Тұр. | | 17. Апаңды (әкеңді, қуыршақты және т.б.) сүй. | |
| 5. Түкір. | | 18. Отыр. | |
| 6. Тағы да? (Тағы да керек пе? Саған тағы да берейін бе? ) | | 19. Ұйықтау керек. Керуетке жату керек. | |
| 7. Маған (апаңа, мында және т.б.) кел. | | 20. Ақырын (Тс-с-с. Ақырын-ақырын). | |
| 8. Ай-яй-яй (ескерту). | | 21. Шаршадың ба? | |
| 9. Болмайды. | | 22. Алақаныңды шапалақта (Шап-шап, шапалақ). | |
| 10. Шақыр (апаңды, әкеңді және т.б.) | | 23. Жақсы бала. | |
| 11. Құшақта (апаңды, әкеңді, қуыршақты және т.б.). | | 24. Далаға шыққың келе ме? Қыдыруға барамыз ба? | |
| 12. Аузыңды аш. | | 25. Тамақ ішкің келе ме? | |
| 13. Аясаңшы (апаңды, әкеңді, қуыршақты және т.б.). | | 26. Мынау, не, ай-ай-ай! | |

## В. Бала сөйлей бастайды

| | ешқашанда | кейде | жиі |
|---|---|---|---|
| 1. Балаңыз өзі жаңа ғана естіген ересек адамның сөзін немесе сөз тіркесінің бөлігін қайталағанды жақсы көреді. | | | |
| 2. Сіздің балаңызға қоршаған заттарды көрсету және атау ұнайды. Ол өзінің біліміне мақтанатындай және оны көрсеткісі келетіндей болады. | | | |

## Г. Баланың алғашқы сөздері

Сөзді бірінші немесе екінші бағанға тіркеңіз. Егер бала сөзді түсінбесе, онда оны бірінші бағанда (ТҮСІНЕДІ) қанат белгісімен белгілеп қойыңыз.

Егер балаңыз сөзді түсініп қана қоймай, өзі айтатын болса (сіздің айтқаныңызды қайталамай), онда оны екінші бағанда (ТҮСІНЕДІ ЖӘНЕ АЙТАДЫ) белгілеңіз. Егер мүмкін болса, баланы сөзді қалай айтатынын көрсетіңіз. Егер белгілеу қиындық тудырса, онда жай ғана + белгісін қойыңыз (егер бір бағанда екі сөз берілсе, оны бала екеуінің біреуін айтқан жағдайда белгілеңіз.

### 1. Дыбысқа еліктеу

| **Сөз** | **Мағынасы** | **Түсінеді** | **Түсінеді, айтады** | **Сөз** | **Мағынасы** | **Түсінеді** | **Түсінеді, айтады** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. а-а-а | тербету; тербелу | | | 19. кря | үйрек туралы | | |
| 2. аф-аф | ит туралы | | | 20. кукареку | әтеш туралы | | |
| 3. алё | телефон | | | 21. ля-ля- | өлең айту | | |
| 4. ам-ам, нәм-нәм | тамақ | | | 22. ме | ешкі туралы | | |
| 5. бе | қой туралы | | | 23. му | сиыр | | |
| 6. би-бип- | машина | | | 24. мяу | мысық | | |
| 7. бл-бл | күркетауық туралы | | | 25. пи-пи | тышқан, шөже | | |
| 8. в-в-в және т.б. | машина туралы | | | 26. әуп-әуп | секіру | | |
| 9. уф-уфай | құлау | | | 27. ррр | аю, арыстан с.с. | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10. га-га | қаз туралы | | | 28. тик-так | сағат туралы | | |
| 11.зың-зың | сыңғырлау, қоңырау | | | 29. топ-топ | жүру | | |
| 12. жж-ж | жәндік туралы | | | 30. тсс | ақырын | | |
| 13. иа | есек туралы | | | 31.тоқ-тоқ | қағу | | |
| 14. иго-го, таңдайын тақылдату | ат туралы | | | 32. ту-ту, чух-чух | пойыз, паровоз туралы | | |
| 15. кап-кап | жаңбыр, су | | | 33. уу | қасқыр | | |
| 16. қар-қар | қарға туралы | | | 34. уф-уф | ыстық, тыйым сөз | | |
| 17. бақ-бақ | бақа туралы | | | 36. тық-тық | өшіру | | |
| 18. қыт-қыт | тауық | | | 37. шш-ш | жылан | | |

Егер сауалнаманы ары қарай толтырғанда, бала дыбысқа еліктейтін болса (иттің орнына аф-аф десе) онда сөзді белгілемеңіз.

## 2. Жануарлар (шынайы немесе ойыншық)

| **Сөз** | **Түсінеді** | **Түсінеді, айтады** | **Сөз** | **Түсінеді** | **Түсінеді, айтады** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. арыстан | | | 18. қасқыр | | |
| 2. ат | | | 19. қой | | |
| 3. аю | | | 20. қоңыз | | |
| 4. әтеш | | | 21. қоян | | |
| 5. бақа | | | 22. құс | | |
| 6. балық | | | 23. маймыл | | |
| 7. ешкі | | | 24. мысық | | |
| 8. жапалақ | | | 25. піл | | |
| 9. жолбарыс | | | 26. сиыр | | |
| 10. жылан | | | 27. тасбақа | | |
| 11. ит | | | 28. тауық | | |
| 12. кенгуру | | | 29. тиін | | |
| 13. керік | | | 30. түлкі | | |
| 14. көбелек | | | 31. тышқан | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 15. кірпі | | | 32. үйрек | | |
| 16. қаз | | | 33. шыбын | | |
| 17. қарға | | | | | |

## 3. Көлік

| **Сөз** | **Түсінеді** | **Түсінеді, айтады** | **Сөз** | **Түсінеді** | **Түсінеді, айтады** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. автобус | | | 6. паровоз | | |
| 2. арба | | | 7. пойыз | | |
| 3. велосипед | | | 8. трактор | | |
| 4. жүк машина | | | 9. ұшақ | | |
| 5. машина | | | 10. | | |

## 4. Ойыншықтар, кітаптар және т.б.

| **Сөз** | **Түсінеді** | **Түсінеді, айтады** | **Сөз** | **Түсінеді** | **Түсінеді, айтады** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. доп | | | 5. қуыршақ | | |
| 2. кітап | | | 6. ойыншық | | |
| 3. қалақ, күрек | | | 7. текше | | |
| 4. қарындаш, қалам | | | 8. шелек | | |

## 5. Тамақ

